



Сыр бойы

№145 (21021) 25 қыркүйек, бейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

[www.facebook.com/syrboyi.kz](#)
[www.instagram.com/syrboyi_kz](#)
[t.me/syrboyi_kz](#)
[twitter.com/syrboyi](#)

ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ БҰҰ БАС АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ 80-СЕССИЯСЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ДЕБАТТА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

**Құрметті Президент!
Қадірлі Бас хатшы!
Құрметті делегаттар!**

Біріккен Ұлттар Ұйымы сексен жылдан бері адамзатқа төнген жаһандық сын-көтерлерді еңсеруде басты рөл атқарып келеді. Осы жылдар аралығында Ұйым біздің ұжымдық қауіпсіздік, ядролық қаруды таратпау, бейбітшілікті сақтау, өсіп-өркендеу, кедейлікті азайту, орнықты даму және адам құқығын қорғау бағытындағы ортақ күш-жігерімізді ілгерілетуге бастамашы болды. Алайда ақиқатқа тура қарауымыз керек: әлем түбегейлі өзгеріске ұшырады. Өкінішке қарай, жақсы жаққа қарай өзгерді деп айту қиын. Дәл сол себепті жер жүзіндегі миллиондаған адам Біріккен Ұлттар Ұйымына үлкен үмітпен көз тігіп отыр.

Бүгінгі тарихи кездесу – әмбебап және баламасы жоқ Ұйымның іргелі қағидаттары мен мақсаттарына қаншалықты бейіл екенімізді дәлелдейтін орайлы мүмкіндік. Әйтсе де біз көпжақты институттарға деген сенімнің дағдарысқа ұшырағанын айтпай кете алмаймыз. Халықаралық құқықты өрескел бұзу «қалыпты жағдайға» айналды. Соның салдарынан әлемдегі тұрақтылыққа нұқсан келіп, халықтардың, саяси көшбасшылар мен мемлекеттердің бір-біріне сенімі әлсірей түсті. Қазіргідей алмағайып кезеңде біріміз БҰҰ позициясының нығаюына ықпал етіп, Ұйымның құбылмалы заманға бейімделуіне қолғабыс етуіміз қажет. Өзара түсіністік пен ынтымақтастық рухы соғыс өртігін тұтандырудан басым болуға тиіс. Мемлекеттер басшылары бейбітшілікке ұмтылу жолында жауапкершілік арқалайды. Қазіргі буын көшбасшыларының әрекетсіздік танытуға еш құқығы жоқ. Өйткені оның зардабын келесі ұрпақ тартады.

Осы орайда Біріккен Ұлттар Ұйымын жан-жақты реформалау толассыз талқыланатын тақырып емес, нағыз стратегиялық қажеттілік екеніне назар аударғын келеді. Бізге БҰҰ-ны реформалау жөнінде нақты ұсыныс әзірлейтін жоғары кәсіби және оны еш ойланбастан алға жылжытатын пікірлестер тобын құру қажет. Ұйым бүгінгі сын-көтерлерге



және ертенгі міндеттерге сай болуы керек.

Біріккен Ұлттар Ұйымын жаңғыртуды көздейтін мұндай батыл әрекет Қауіпсіздік Кеңесін реформалаудан басталуға тиіс. Қауіпсіздік Кеңесінің құрамына Азия, Африка және Латын Америкасындағы ірі елдердің өкілдері ротация тәртібімен ұсынылуы керек.

Сонымен қатар Қазақстан жауапкершілігі бар орта державалардың үні БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінде барынша анық естілуі қажет деп санайды. Іс жүзінде орта державалар қазірдің өзінде теңгерімді сақтауға және өзара

сенімді нығайтуға үлес қосып, халықаралық қатынаста жағымды рөл атқара бастады. Ұлы державалардың бастары бірікпегенде немесе барша адамзатты алаңдатытын өзекті проблемаларды шешуге қауқарсыздық танытқанда мұндай елдер БҰҰ аясында дәнекерге айналады.

XXI ғасырда БҰҰ беделін көтеру үшін Ұйымға мүше мемлекеттер бейбітшілік пен қауіпсіздіктің іргесін бекемдейтін нақты қадамдар жасауға тиіс. Әйтпесе, БҰҰ үнемі мәселенің салдарымен күресуден көз ашпайды. Ал проблеманың түпкі себептері үсті-үстіне көбейе береді. Біз бұл үдерісті

дәл бүгіннен бастай аламыз. Ол үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысына бейіл екенімізді тағы да растауымыз қажет. Егемендік, аумақтық тұтастық және кез келген дауды бейбіт жолмен шешу қағидаттарының бәрі мүлтіксіз сақталуға тиіс. Ұйым Жарғысын қалайына қарай қолдану оның беделіне нұқсан келтіреді.

Әлем сенімге, ашықтыққа және ортақ жауапкершілікке арқа сүйейтін жаңа консенсусқа зәру. Мысалы, Жарғыдағы Екінші дүниежүзілік соғыстан бері келе жатқан «жау мемлекет» ережесін халықаралық қоғамдастықтың басым бөлігі ескірген

деп санайды. Сондықтан Жарғыны қайта қарау мәселесін талқылайтын уақыт келді.

Бүгінде біз алаңдатарлық ахуалға куә болып отырмыз: қарулануды шектейтін шарттар сақталмайды, демек, стратегиялық тұрақтылықтың да іргесі сөгіле бастады. 2024 жылы дүние жүзінде әскерді жарактандыруға кеткен шығын 2,7 трлн долларды құрады. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Ал жаһандағы зорлық-зомбылықтың шығыны 20 трлн долларға жуықтады. Сондықтан әлемдегі қауіпсіздік архитектурасын қайта қалпына келтіру халықаралық қоғамдастық үшін ең басты басымдық болуға тиіс.

Біз ядролық қару қолдану қаупін күрт азайтуды, ядролық державалар арасындағы жоғары деңгейдегі диалогті қайта бастауды қолдаймыз, көпжақты әрекеттің жандануына күш салуымыз керек деп санаймыз.

Кең көлемде алып қарасақ, соғысқұмарлық менталитетін түп-тамырымен жойтын күрделі жұмысқа кіріскен жөн. Бұл – жүзеге асыруға болатын шаруа. Бастысы, мемлекеттердің бейбітшілік жолында қанша қаржы жұмсап отырғанын мұқият бақыласақ болғаны.

Қазақстан ядролық қарусыздану және жаппай қырып-жою қаруын таратпау жөніндегі жаңа диалогке дайын. Біз Ядролық қаруды таратпау туралы шартты күшейтіп, Ядролық сынақтарға жан-жақты тыйым салу туралы шарттың орындалуына түрткі болу үшін бейресми пікір алмасуларға мән бере аламыз. Сонымен қатар біз бұған дейін айтқан Биологиялық қауіпсіздік жөніндегі халықаралық агенттік құру туралы ұсынымымызды жүзеге асыруға шақырамыз.

Қазақстан бейбіт тұрғындарға орасан зор залал келтіріп, жаһандық сенімге селкеу түсірген және халықаралық қауіпсіздікті әлсіреткен Украина айналасындағы дағдарысқа алаңдаулы. Дегенмен аталған қақтығысты тоқтату үшін екіжақты және халықаралық деңгейдегі дипломатиялық күш-жігерді жалғастырып, қос мемлекет ұзақмерзімді мүдделеріне сай келетін саяси икемділік көрсетуі керек.

2-бет

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ЕГІН ОРАҒЫ МЕРЗІМІНЕН КЕШІКПЕУ КЕРЕК

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен егін жинау науқанының барысы туралы Үкімет отырысы өтті. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысынан кейінгі жиналыста аймақ басшысы жауапты сала басшыларына тапсырма берді.

– Өздеріңізге белгілі, биыл өңірімізде вегетациялық кезең өте күрделі жағдайда өтті.

Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауының арқасында көршілес мемлекеттермен қажетті су көлемін жеткізу бойынша нәтижелі келіссөздер жүргізіліп, нақты шаралар қабылданды.

Өңірімізде егін жинау жоспар бойынша қазан айының 15-нен кешікпей аяқталуы тиіс. Қала, аудан әкімдіктері, жұмысты мерзімінде бітіруге күш салу керек. Ол үшін шаруашылықтарды қажетті дизель отынымен толық қамтамасыз ету маңызды.

Бүгінде күзгі егін жинау жұмыстарына бөлінген 10400 тонна арзандатылған дизель отынының 5500 тоннасы жеткізілген. Дегенмен, шаруашылықтардың дизель сатып алу көрсеткіштері әлі де төмен. Қала, аудан әкімдіктері, мәселені қатаң бақылауға алып, қыста шаруашылықтардың толық есептесуін ұйымдастырыңыздар. Бөлінген дизель отыны игерілуі керек.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес күрішті кезең-кезеңімен оңтайландырып, суды аз қажет ететін өзге дақылдардың көлемін арттыруымыз қажет. Егін шаруашылығын әртарап-тандыру, су үнемдеу технологиясын кеңінен енгізу – заман талабы.

3-бет



**ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ**

ІРГЕЛІ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ ІЛКІМДІ ІСТЕР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Жолдауында кәсіптік білім беру саласына реформа жасау айрықша өзекті мәселе, бұл өз кезегінде экономиканың өсімін қамтамасыз ету және инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін аса қажет қадам екенін атап өткен болатын. Соның аясында биыл «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жарияланып, техникалық және жалпы білім беру ұйымдарына үлкен жауапкершілік жүктелді.



Бұл бағытта облыстағы іргелі оқу орындарының бірі И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда политехникалық жоғары колледжінде де жүйелі жұмыстар бар. Беделі

биік білім ордасындағы оң бастамалар жайында білу үшін өңірлік коммуникациялар қызметінің бастамасымен пресс-тур ұйымдастырылды.

Шараға жиналғандар алдымен колледж музейінде болып, оқу орнының тарихымен кеңінен танысты. Онда білім ошағының құрылғанынан бастап қазіргі кезге дейінгі тарихы, басқарған тұлғалар жайында мол мағлұмат берілді. Тарихы терең білім ордасының құрылғанына биыл 95 жыл толды.

Білім ордасының тарихына қысқаша тоқталып өткенді жөн санадық. 1930 жылы Қазалыда мал дәрігерлік-зоотехникалық техникумының іргетасы қаланды. Мұнан кейін 1947 жылы гидромелиоративтік техникум ашылып, 1979 жылы теміржол көліктері техникумы оқушыларды қабылдай бастады. Осы үш білім ордасынан бастау алатын бүгінгі И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда политехникалық жоғары колледжінің бір ғасырға жуық тарихы бар. 1997 жылы Министрлер кабинетінің қаулысына сәйкес Қызылорда ауыл шаруашылығы, политехникалық және теміржол колледждері біріктіріліп, қайта құрылды. Осылайша болашақ мамандарды даярлаудағы маңызды қадамды бастаған колледждің білім сапасы нығайып, беделі арта түсті. 2003 жылы оқу орнына мемлекет және қоғам қайраткері, Социалистік Еңбек Ері, техникумның түлегі Исатай Әбдікәрімовтің есімі берілді.

Одан әрі кітапханада кітап қоры, жаңа кітаптар тізімі, электронды оқулықтардың қолжетімділігі туралы айтылды. Оқырмандарға ұсынылған мүмкіндіктер түсіндірілді. Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған бұрыш таныстырылды. Волейбол, теннис, шахмат сынды спорт сабағына қатысып, студенттердің шеберліктеріне куә болдық. Ерекше ойын үлгісін көрсеткен жас спортшылар облыстық, республикалық жарыстарда үздік нәтиже көрсетіп жүр екен.

6-бет

ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ БҰҰ БАС АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ 80-СЕССИЯСЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ДЕБАТТА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ



Территориялық дау-дамайды шешу ешқашан оңай болған емес. Ол келешек ұрпақтың қамы үшін екі жақтың да барынша ұстамдылық пен жауапкершілік танытуын талап етеді. Өшпенділік психологиясы қақтығысқа қатысушы тараптардың бітімге келуіне мүмкіндік қалдырмай, қай-қайсысын да құрдымға жібереді.

Ізадағы гуманитарлық дағдарыстың ауқымы тіпті қорқынышты. Оған бейжай қарау мүмкін емес. Бұл қақтығыстың тарихи тамыры тым күрделі. Біз осы жауласудың түпкі себебін ескеруіміз қалдыра алмаймыз.

Қазақстан әскери іс-қимылды дереу тоқтатуға, бейбіт тұрғындарды толық қорғауға және халықаралық гуманитарлық құқық аясындағы көмектің кедергісіз жетуін қамтамасыз етуге шақырады. Біз екі мемлекеттің бейбіт қатар өмір сүруіне негізделген шешімді құптаймыз әрі БҰҰ-ның жетекші ролін мойындаймыз.

Қазақстан Таяу Шығыстағы өңірлік бітімгерлікке бағытталған Арабтың бейбіт бастамасы, Нью-Йорк декларациясы, Ибраһим келісімі секілді дипломатиялық ұсынымдарды қолдайды. Егер көшбасшылық пен саяси ерік-жігер болса, бұл құжаттар араздықты ынтымақтастық пен ортақ игілікке айналдыруға болатынын көрсетеді.

Сондай-ақ біз АҚШ Президентінің араағайындығымен Әзербайжан мен Армения қарым-қатынасының қалыпқа түсуінен ерекше ықыласпен қабыл алдық. Бұл дипломатия мен парасатты шешімнің арқасында ұзақ жылға жалғасқан кез келген қақтығысты реттеуге болатынын дәлелдеді.

Қазақстан осы қағидатқа сүйеніп, дауды ушықтырғаннан гөрі дипломатияға жүгінуді, күш қолданғаннан гөрі диалог жүргізуді жөн деп санайды. Қазіргі геосаяси шиеленіске қарап, кейбір саясаткерлер «өркениеттер қақтығысынан қашып құтыла алмаймыз» деген пікір айтып жүр. Алайда мұндай алауыздық – тағдырдың жазуы емес, олардың саяси таңдауы.

Ғылым, медицина, спорт, дін және мәдениет сияқты жаһандық игіліктер геосаяси бөліністің құралына айналмауға және санкция салуға себеп болмауға тиіс. Адамзат өміріндегі бұл ізгі құндылықтар бізді гуманизм идеясына біріктіреді.

Саясаткерлер жауапкершіліктен жүрдай мәлімдеме жасағанда немесе дін мен болмысты саяси ұпайын түгендеу үшін бұра тартып, ағат әрекетке барғанда сенімге селкеу түсіп, бейбітшілікке ұмтылған ерік-жігер жасиды.

Анығында, саяси көшбасшылық – бір-біріне күман-күдікпен қарап, менмендік таныту емес, өзара түсіністік пен құрметтен тұрады. Әлемге тірек болып тұрған толеранттылық пен парасаттылық заң үстемдігіне арқа сүйеуі қажет.

Құрметті әріптестер!

Біз жікке бөлінушілік барған сайын күшейіп, инвестиция ағынына қатысты саяси сынаржақ ұстаным белең алғанына куә болып отырмыз. Соның салдарынан былтыр әлемдегі тікелей шетел инвестициясының көлемі 1,5 трлн долларға дейін қысқарды. Қазақстан инвестиция саласындағы халықаралық ынтымақтастық аясын кеңейтуді табанды түрде жалғастырады. Тауелсіздіктің 30 жылында ел экономикасына 400 млрд доллардан аса қаржы тартылды.

Біз арқашан ашық нарық қағидаттарына сүйенеміз әрі бұл мемлекеттік саясатымыздың негізгі бағыты болып қала береді. Еуразия төсінде

орналасқан Қазақстан Азия мен Еуропа арасындағы құрлық арқылы тасымалданатын жүктің 80 пайызына қызмет көрсететін логистикалық хаб ретінде шешуші рөл атқарады. Біз көлік-транзит инфрақұрылымына, соның ішінде «Бір белдеу, бір жол» бастамасына, Солтүстік – Оңтүстік көлік дәлізіне және Транскаспий көлік бағытына ондаған млрд доллар инвестиция саламыз.

Қазақстан қалыптасып келе жатқан жаһандық көлік жүйесінің өзегі саналатын аймақтық жеткізу тізбегін дамытуды жалғастырады. 2029 жылға дейін 5 мың шақырым жаңа теміржол салуды жоспарлап отырмыз.

Еліміз Орнықты даму максаттарын ұлттық күн тәртібіндегі басымдықтардың бірі ретінде айқындады. Ондағы міндеттер мемлекеттік жоспарлауда және бюджет жобасын әзірлегенде ескеріледі.

БҰҰ Бас хатшысы мен Ұйымға мүше мемлекеттердің қолдауының арқасында Алматыда БҰҰ-ның Орталық Азия мен Ауғанстан үшін Орнықты даму максаттары жөніндегі өңірлік орталығы ашылды. Бүгінде Орталық Азияның бірлігі мен өзара сенімі жаңаша сипат алып, өңір халықаралық бейбітшілік пен прогрестің белсенді қатысушысына айналды.

«Орталық Азия бестігі» ынтымақтастығын нығайтуда. Сол арқылы тату көршілік дамуға да, қауіпсіздікті күшейтуге де оң септігін тигізетінін дәлелдеп отыр. Соның арқасында біздің өңір әлемдегі негізгі серіктестерімен «Орталық Азия плюс» форматында диалог жүргізе бастады.

Қазақстан Ауғанстанның инклюзивті дамуын аймақтағы ұзақмерзімді бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етудің кепілі деп санайды. Біз ауған халқына гуманитарлық көмек көрсетіп, сауда, азық-түлік қауіпсіздігі, инфрақұрылым және көлік тасымалы салаларындағы ықпалдастығымызды жалғастыра береміз.

Құрметті делегаттар!

Былыт адамзат тарихындағы ең ыстық маусым болды. Бұл ретте Орталық Азияда ауа температурасы әлемдегі орташа көрсеткіштен екі есе жоғары екенін айтқан абзал.

Алатау мұздықтары тез ери бастады. Бұл миллиондаған халықтың су және азық-түлік қауіпсіздігіне қатер төндірді.

Қазақстан Арал қасіретінен сабақ алды. Жоспарлы іс-әрекетіміздің арқасында, соның ішінде халықаралық деңгейдегі ынтымақтастық нәтижесінде теңіздің солтүстік бөлігін сақтап қалдық. Халықаралық Аралды құтқару қорының төрағасы ретінде еліміз бұл маңызды бағыттағы белсенді жұмысты жалғастырады.

Дегенмен Каспий теізі күннен-күнге тартылып барады. Бұл бір-біріндің ғана проблемасы емес, жаһандық деңгейде дабыл қағатын мәселеге айналды. Сондықтан аймақтағы серіктестерімізді және барша халықаралық қоғамдастықты Каспийдің су қорын сақтау үшін жедел шараларды бірлесе қабылдауға шақырамыз.

Былыт Қазақстан Франция, Сауд Арабиясы және Дүниежүзілік банкпен бірлесіп «One Water» саммитін өткізді.

Болашақта су тапшылығын болдырмау максатында анағұрлым тығыз үйлестіру, инвестиция және орнықты шешім қажет. Аталған мәселені күн тәртібіне шығару үшін еліміз Біріккен Ұлттар Ұйымымен және басқа

халықаралық құрылымдармен серіктесе отырып, келесі жылы сәуір айында Астанада Өңірлік экологиялық саммит ұйымдастырады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы міндеттемелеріміз аясында елімізде «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы жүзеге асырылып жатыр. Бұл қозғалыс тазалыққа, қоқыс жинауға және экологиялық ағартушылыққа атсалысатын миллиондаған еріктіні ортақ іске жұмылдырады.

Қазақстанның бастамасымен БҰҰ 2026 жылды Орнықты даму максаттары жолындағы Халықаралық еріктілер жылы деп жариялады. Ұйымға мүше мемлекеттердің бәрін осы маңызды бастамаға қолдау білдіріп, ынтымақтастық орнатуға шақырамыз. Осы орайда Бас Ассамблеяға 22 сәуірді Халықаралық жер шарын көгалдандыру күні деп жариялайтын қарар қабылдауды ұсынамын.

Қымбатты достар!

Қазақстан жасанды интеллектіні технологиялық жетістік деп қана емес, адамзат прогресіне қозғау салатын зор табыс ретінде қарастырады. Алайда жасанды интеллектіні дамытудың тәуекелдері де бар. Атап айтқанда, ол технологиялық, экономикалық және геосаяси тәсілдіктердің күшеюіне әкеледі. Сондай-ақ этика нормалары бұл эволюцияның соңында қалып қоюына жол бермеуіміз керек.

Әділеттілік, жауапкершілік және адам құқықтарын қорғау мәселелері жедел әрі нақты шешілуге тиіс. Бұл үшін әр ел ЖИ артықшылықтарын пайдалана алатындай ұжымдық күш-жігер қажет.

Қазақстан БҰҰ аясында Жасанды интеллектіні басқару бойынша жаһандық диалогтің басталуын қолдайды. ЖИ саласындағы қауіпсіздік, инклюзивтілік және адамға бағдарлану міндетті түрде ескерілуі үшін аталған платформа жұмысына белсенді түрде атсалысуға дайынбыз.

Қазақстанда жасанды интеллект экономика мен мемлекеттік қызмет көрсетудің барлық секторына енгізіледі. Қазірдің өзінде оны жүзеге асырудың базалық инфрақұрылымы жасакталып жатыр. Дарынды жас мамандарымыз мұны іске асыруға әзір.

Біздің стратегиялық максатымыз – үш жылдың ішінде Қазақстанды толық цифрланған елге айналдыру. Жаппай цифрландыру және жасанды интеллектіні кеңінен қолдану еліміздің ұлттық басымдығына айналды. Электрондық үкімет ұлттық даму стратегиямыздың негізгі элементі саналады. Мемлекеттік қызмет көрсетудің шамамен 90 пайызы цифрлық форматта ұсынылады. Жуырда Қазақстанда ең қуатты ұлттық суперкомпьютер іске қосылды.

Дегенмен ЖИ мен автоматтандыру көптеген елде жұмыс орындарының қысқаруына әкелуі мүмкін. Сондықтан цифрлық прогресс кәсіптік білім берумен қатар жүргізілуі қажет. Қазақстан жұмыспен қамтуды арттырып қана қоймай, кәсіптік мамандықтардың мәртебесін көтеруді аса маңызды деп санайды.

Ханымдар мен мырзалар!

Жаһанда тұрақсыздық белең алған кезеңде Әділетті Қазақстан құруды көздеген жаңғыру саясатын батыл жүргізіп жатырмыз. Кейінгі үш жылда біздің аймақта бұрын-соңды болмаған саяси және экономикалық реформалар жасалды. Жалпыұлттық референдум арқылы Прези-

дентті жеті жылға бір мерзімге сайлайтын норма енгізілді. Бұл демократия қағидаттарына сай есептілікті күшейтеді. Біз «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласын ұстанамыз.

Қазақстанды жаңғырту ұстанымын басшылыққа ала отырып, елімізде бір палаталы Парламент құру мәселесін жалпыұлттық референдумға шығаруды ұсындым. Максатымыз – саяси жүйенің қоғам сұранысына сай ашықтығы мен тиімділігін арттырып, оны ұдайы жетілдіру.

Бұл реформалардың басты қағидасы: Заң және тәртіп бәрінен жоғары тұруы керек. Біз парасаттылыққа және заң үстемдігіне арқа сүйейтін басқару жүйесі ғана қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етіп, азаматтардың құқығын қорғауға мүмкіндік береді деп санаймыз. Бұл халықаралық инвестицияларға, сауда байланысына және елдің қарқынды дамуына оңтайлы жағдай жасайды. Заңды мүлтіксіз сақтайтын азаматтардың мүддесін қорғау – әділеттілікке, есеп беруге және өзара құрметке негізделген басты басымдықтарымыздың бірі.

Қазақстан экономикасы тұрақты дамып келеді. Быыл экономикалық өсім 6 пайыздан асады деп күтілуде. Бұл біздің аймақтағы ең ірі экономиканың орнықтылығын қуаттай түседі. Дегенмен бұл жетістіктерге тоқмелейсуге болмайды. Біз ұзақмерзімді дамуға бағытталған күш-жігерді жалғастырамыз.

Қазақстанды энергетикалық стратегиясы төрт салаға негізделген: мұнай-газ, көмір, уран және аса маңызды минералдар. Бұл құнды ресурстар сенімді энергетикалық серіктестіктің негізі бола алады. Климат өзгерісі мен «жасыл» күн тәртібін көмір кені секілді орасан зор энергетикалық ресурсқа бай елдер қабылдай бермейді. Өйткені бүгінде озық технологияның арқасында оны тазаланған күйінде пайдалануға болады. Сондықтан біз 35 жыл ішінде елімізді декарбонизациялау жөнінде міндеттеме алдық. Тек жаңартылатын энергия көмегімен бүкіл энергетикалық мәселені шешу мүмкін емес.

Ауыл шаруашылығы – әлемдік нарықта зор әлеуетке ие жетекші саламыздың бірі. Қазақстанның астық экспортындағы әлеуеті – 12 млн тонна. Бұл халықаралық нарықтың басым бөлігін қамтиды және көлік байланыстарын жақсарту есебінен сауданы кеңейтудің жаңа мүмкіндіктеріне жол ашады. Біз сыртқы саудамыздың инклюзивтілігі мен орнықтылығын қамтамасыз ете отырып, оны одан әрі әртараптандыру максатында барлық негізгі халықаралық серіктестерімізбен және аймақтағы мүдделі елдермен ынтымақтастықты жалғастырамыз.

Жоғары Мәртебелі!

Елішіндегі мемлекеттік басқару реформаларын тереңдету және шетелдегі жаһандық басқаруды қолдау – басты бағдарымыз. Біз бұл бағытты берік ұстанамыз.

Қазақстан араағайындық және бітімгер ролін жалғастырады. Біздің таңдауымыз: үстемдік емес – тепе-теңдік, жіктелу емес – ынтымақтастық, соғыс емес – бейбітшілік.

Біз халықаралық қоғамдастықтың басқа да мүшелерімен бірлесе отырып, Біріккен Ұлттар Ұйымының бейбітшілік, әділеттілік және ынтымақтастық шамшырағы екенін растауға дайынбыз.

Рахмет.

/// ПРЕЗИДЕНТ

ҮДЕДЕН ШЫҒАР ҮНДЕСТІК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ-қа сапарында тағы бірқатар кездесулер өткізді. Франция Президенті Эммануэль Макронмен екіжақты ынтымақтастықтың жай-күйін талқылады.

Қазақстан Президенті Франция еліміздің Еуропа Одағындағы басты әрі сенімді серіктесі саналатынын атап өтті. Кездесуде осыған дейін жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтар түрлі салада, соның ішінде энергетика, көлік-логистика, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау бағыттарында айтарлықтай табысты іске асырылып жатқаны айтылды. Әрине, екі ел арасында мәдени-гуманитарлық байланыстар жемісті дамып келеді.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев пен Финляндия Президенті Александр Стубб екіжақты және халықаралық күн тәртібіндегі мәселелерді талқылады.

Қазақстан Президенті жоғары деңгейдегі жемісті саяси диалог екі ел арасындағы ынтымақтастықты арттыруда маңызды рөл атқаратынына тоқталып, Финляндия басшысының Қазақстанға жасайтын алдағы сапары қос елдің сауда-экономикалық, инвестициялық және гуманитарлық әлеуетін танытуға ықпал ететініне сенімді екенін айтты.

Кездесуде әлемдегі қазіргі геосаяси ахуалға баса мән берілді.

Мемлекет басшысының Бельгия Премьер-министрі Барт де Вевермен кездесуі де маңызды пікірлестікке құрылды. Президент Бельгиямен ұзақ мерзімді ынтымақтастықты дамытуға баса мән беретінін айтып, бұл ел Қазақстанның ең ірі он инвесторының қатарына кіретініне назар аударды. Оның бір дәлелі былтыр екіжақты тауар айналымы жарты миллиард долларға жуықтаған.

Әңгімелесу барысында экономикалық ынтымақтастықты одан әрі арттыруға зор әлеует бар екені атап өтілді. Мұнда әсіресе, аса маңызды минералдарды игеру, мұнай химиясы, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, көлік-логистика, жасанды интеллект, қаржы, туризм және білім беру салаларындағы серіктестікке мүмкіндік мол.

Барт де Вевер екіжақты күн тәртібін талқылауға уақыт тапқаны үшін Қазақстан Президентіне алғыс айтып, Король Филипптің ізгі тілегін жеткізді.

БҰҰ Бас Ассамблеясының 80-ші сессиясы аясында өткен тағы бір маңызды жиын – ҚХР-дың жаһандық даму және жаһандық басқару саласындағы бастамалары бойынша жоғары деңгейдегі кеңес. Бұл іс-шара «Жаһандық дамудың жарқын келешегін бірлесе құру, бастапқы ұмтылыстарға адалдық» тақырыбына арналды. Кеңесте Президент Қасым-Жомарт Тоқаев сөз сөйледі.

Мемлекет басшысы аса маңызды әрі дер кезінде ұйымдастырылған жиын үшін Қытай тарапына ризашылығын білдірді.

– Біз ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің көреген басшылығы мен анағұрлым әділ, инклюзивті әрі тиімді халықаралық ынтымақтастық орнатуға бағытталған күш-жігерін жоғары бағалаймыз. Осы орайда Қазақстан геосаяси және экономикалық сын-қатерлерге жауап беретін Қытайдың жаһандық бастамасын толығымен құптайды, – деді Президент.

Бұдан кейін Орнықты даму мақсаттарына тезірек жетуге ықпал ететін Жаһандық даму бастамасына (Global Development Initiative) еліміздің қолдау көрсететінін жеткізді.

– Бұл ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің Тяньцзинде өткен Шанхай ынтымақтастық ұйымы саммитіндегі Қытайдың кейінгі стратегиялық ұсынысына – Жаһандық басқару бастамасына (Global Governance Initiative) сай келеді. Аталған бастама тұрлаусыз әлемге оң әсер етіп, көптеген елдің мақсат-мұратын айқын жеткізуіне көмектеседі. Осы ретте негізгі рөлді Біріккен Ұлттар Ұйымы атқаратын болады, – деді Мемлекет басшысы.

Бұл бастамаа егемендік теңдігін қамтамасыз ету, халықаралық құқық үстемдігі, көпжақты институттарды нығайту, сондай-ақ адамдардың игілігі мен мүдделерін қорғауға бағытталған әлемдік тәртіпті ілгерілету секілді өзекті мәселелердің шешімін ұсынады.

– Жаһандық басқару бастамасы, ең алдымен, цифрлық технологияға, қауіпсіз киберкеңістікке және ғарыш кеңістігіне әділ қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Бұл нормативтік-құқықтық база мен жасанды интеллектті пайдаланудың этикалық стандарттарын әзірлеу тұрғысынан өте өзекті. Осы орайда Қазақстан Қытайдың Жасанды интеллект саласындағы ынтымақтастық бойынша жаһандық ұйым құру жөніндегі ұсынысын қолдайды, – деді Президент.

Сондай-ақ Жаһандық басқару бастамасы 150-ден астам ел қосылған «Бір белдеу, бір жол» стратегиясының міндеттерімен үндес екенін және оны жүзеге асыру аясындағы ынтымақтастық БҰҰ-ның негізгі мақсаттарына жетуге септігін тигізетінін атап өтті.

Қ.ӘБІШ

ЕГІН ОРАҒЫ МЕРЗІМІНЕН КЕШІКПЕУ КЕРЕК

Президент тапсырмасына сәйкес 2026 жылға су үнемдеу технологияларын мемлекеттік қолдау шараларына облысымызға 9 млрд теңге қаржы бөлінді. Бұл – бұрын-соңды болмаған қолдау. Осының арқасында егіс құрылымын әртараптандырып, оның ішінде су үнемдеу технологияларын пайдалану көлемін ұлғайтуымыз керек. Оның ішінде, күрішті тамшылатып суару әдісімен егуді қолға алуға тиіспіз, – деді Н.Нәлібаев.

Жиында жылу беру маусымына дайындық барысы да қаралды.

– Алдағы жылу беру маусымына қажетті көмір қорын жасақтау күн тәртібінен түскен емес. Мен бұған дейінгі мәжілістерде көмір жеткізуді ішіде айынан бастауды тапсырғанмын. Бірақ тапсырма тиісті деңгейде орындалмауда. Жылу беру маусымында көмірге қатысты ешқандай мәселе туындамауы тиіс. Қызылорда қаласы мен барлық аудан әкімдеріне көмір жеткізу және қажетті көмір қорын жасақтау жұмыстарын жеделдетуді тапсырамын.

Облыстық білім, денсаулық сақтау, мәдениет, денешынықтыру, жұмыспен қамту басқармалары Қызылорда қаласы, аудан әкімдіктерімен бірлесіп, 25 қыркүйекке дейін шұғыл түрде дайындық паспорттарын алыңыздар. Қазандықтарды әзірлеп, отын қорын жасақтап, әлеуметтік нысандардың жылу беру маусымына толық дайын болуын қамтамасыз етіңіздер, – деді облыс әкімі.

Сонымен қатар, барлық аудандағы вокзалдарды жөндеу жұмыстары қауіпсіздік талаптарына сай, жинақы, белгіленген тәртіппен ұйымдастырылуы қажет екені ескертілді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

1-бет



ҚАЙРАТКЕРГЕ ҚҰРМЕТ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев мемлекет және қоғам қайраткері Бакберген Сәрсенұлы Досманбетовті 80 жасқа толу мерейтойымен құттықтады. Басқосуға зиялы қауым өкілдері, мерейтой иесімен қызметтес болған замандастары қатысты.

Аймақ басшысы Бакберген Сәрсенұлының еңбек жолына тоқталып, ізгі тілегін жеткізді.

– Бүгінгі ресми жиынымыз адал еңбегімен халықтың ықыласына бөленген, өнегелі істердің ұйытқысы болған ардақты ағамыздың құрметіне арналады. Өңірдің дамуына елеулі еңбек сіңірген, есімі Сыр жұртына етене таныс Бакберген Досманбетов ағамыз 80 жасқа толды.

Бакберген Сәрсенұлы 1945 жылы Қармақшы ауданында дүниеге келген. Мәскеу басқару институтының құрылыс және қала шаруашылығы факультетінде білім алған.

Еңбек жолын теміржолда қарапайым жұмысшы ретінде бастап, әр жылдары бұрынғы Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институты, қазіргі Қорқыт ата атындағы университетте комсомол комитетінің хатшысы, аға оқытушы, кафедра меңгерушісі, проректор, ректор, Қызылорда қаласының әкімі қызметтерін атқарған.

Экономика саласын зерттеп, 9 монография, 60 ғылыми мақала жазған.

Қала әкімі болған тұста өңіріміздің тіршілігіне серпінді әкеліп, жұмыс орындарының жандануына мүмкіндік жасады.

Парламент Сенатының ІІ, ІІІ, ІV шақырылымының депутаты ретінде халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған бастамалар көтеріп, ел игілігін көздейтін заңдардың қабылдануына елеулі үлес қосты.

Тәуелсіздіктің қалыптасу жылдарында елде жұмыссыздық белең алып, айлап-жылдап еңбекақы, зейнетақы берілмеді. Электр энергиясы жетіспей, «көгілдір отын» арман болып, арбалап ағаш тасығанымыз да көз

алдымызда. Сондай заманда елді бірлікке үндеп, сабыр мен төзімнің үлгісін көрсеткен осындағы аға буын Сіздердің еңбектеріңіз ерен.

Ерекше атап өтуіміз қажет, қаламыздың сол жағалауында орналасқан, көркі мен сәулеті келіскен «Болашақ» университетінің құрылғанына да 30 жыл толды.

Бүгінде университеттен өңіріміз бен еліміздің еңбек нарығына қажетті мамандар білім алып, ел дамуына өлшеусіз үлес қосып келеді. Бұл – Бакберген Сәрсенұлы ағамыздың білім мен ғылымға деген құрметінің нақты көрінісі.

Сыр жұртшылығының атынан Сізді мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Ұзақ ғұмыр, деніңізге саулық, отбасыңызға бақ-береке тілейміз! – деді облыс әкімі.

Басқосуда облыс әкімі мерейтой иесіне Қызылорда облысының Құрмет грамотасын табыстап, дәстүрге сай иығына шапан жапты. Ел ағалары Ибрагим Әбиұллаев, Бекмырза Еламанов, Нажмадин Мұсабаев, Сәпен Аңсат, Қылышбай Бисенов сөз сөйлеп, Бакберген Сәрсенұлының елге жасаған елеулі еңбегін атап өтті.

Бакберген Сәрсенұлы Досманбетов экономика ғылымдарының докторы, «Болашақ», Қорқыт ата атындағы Қызылорда, Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеттерінің профессоры, Қазақстан Республикасы Жоғары мектебі Ғылым академиясының академигі, «Құрмет», «Парасат», ІІ дәрежелі «Барыс» ордендерімен марапатталған, Қызылорда облысының құрметті азаматы.

Жиын соңында мерейтой иесі көрсетілген құрметке алғаусыз алғысын білдірді.

ПАРЫЗ hәм ПАРАСАТ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев денсаулық сақтау саласының ардагері Бисенкүл Өтегенқызы Кәрібаеваны 70 жас мерейтойымен құттықтады. Басқосуға зиялы қауым өкілдері, денсаулық сақтау саласының ардагерлері, қызметкерлері қатысты.

Аймақ басшысы туған жер алдындағы азаматтық парызын адал атқарған ел ағалары мен ақ жаулықты аналарымыздың ерен еңбегін құрметтеу қасиетті парыз екенін айтып, мерейтой иесіне құттықтауын жеткізді.

– Өңірімізде медицина саласының өркендеуіне, халықтың денсаулығын сақтауға ерекше еңбек сіңірген ардақты ағаларымыз аз емес. Сол кісілердің ізін басып, ел игілігі үшін атқарған абыройлы қызметтерін жалғасаң дәрігерлеріміздің қатарында бүгінде мерейлі 70 жасқа толған Бисенкүл Өтегенқызын ерекше атап өтуіміз керек.

Ол 1955 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Алматы мемлекеттік медицина институтының «Емдеу ісі» факультетінде білім алған.

Еңбек жолын 1979 жылы №2 Қызылорда қалалық емханасында дәрігер болып бастап, бас дәрігердің орынбасары, бас дәрігер қызметтерін атқарды. №5 қалалық емханада, иммунтапшылығы синдромымен күрес орталығында бас дәрігер болған кезінде білікті маман әрі ұйымдастырушы ретінде халықтың ризашылығына бөленді.

Құрметті зейнет демалысына шыққаннан кейін медицина орталығында қызметін жалғастырып, жас мамандарға саланың қыр-сырын үйретумен айналысып келеді.

Бисенкүл Өтегенқызының еңбегі бағаланып, «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Сізді Сыр жұртшылығының атынан мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! – деді облыс әкімі.

Мерейтой иесіне Қызылорда облысының Құрмет грамотасын табыстап, дәстүрге сай құрмет көрсетті. Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, Қызылорда облысының құрметті азаматы Абдулла Шүленбаев, Денсаулық сақтау ісінің үздігі Қаракөз Балабекова сөз сөйлеп, ізгі тілектерін білдірді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

БАЛАЛАР ТАСЫМАЛЫ: ТАЛАП ТЕГЕУРІНДІ

Облыс балабақшалар саны жөнінен республика Түркістан, Алматыдан кейін үшінші орында. Мемлекеттік тапсырыспен жұмыс істейтін 577 мектепке дейінгі ұйымда 45391 бала тәрбиеленуде. Ал 374 жекеменшік балабақшада 26 мыңнан астам бала бар.

Жасыратыны жоқ, кейінгі кезде жекеменшік балабақшалардың қызмет сапасына қатысты көп сын айтылып жүр. Мәселен, өткен жылы бала тамақтан уланды, оқу жылының басында керуеттен құлады тәрбиеленуші бірнеше жерде тістелді, ыстық суға күйіп қалды. Жақында «Ералаш» балабақшасының тасымалмен айналысатын автокөлігінің жол-көлік оқиғасына ұшырауы қоғамдық пікір тудырған еді. Осыған байланысты өңірлік коммуникациялар қызметінде облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет, облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов, облыстық полиция департаменті бастығының орынбасары, полиция полковнигі Ермахан Абдраманов БАҚ өкілдеріне брифинг берді.

– Ата-аналардың жекеменшік балабақшаларда көрсетілетін қызметтің сапасына қатысты көңіл толмаушылығы бар екені жасырын емес. Оқу-ағарту министрінің бұйрығына сәйкес жылына бір рет мониторинг жүргізіледі. Қағида нормаларын бұзу фактілері анықталып, акт білім бөлімдерінің ресми интернет ресурстарында жарияланды. Заң бұзушылықтарды жоюға қосымша уақыт берілді. Дегенмен, кемшіліктер толық жойылмаған және бала өміріне қауіп төнген оқиғалар болған. Қалада 44, Жанақорғанда 24, Шиеліде 25 мектепке дейінгі ұйым мемлекеттік тапсырыс алушылар тізбесінен шығарылды. Мемлекеттік тапсырыс тоқтағанымен, бала-

ларды қамтуға кері әсерін тигізбейді. Біздің мақсатымыз – балаларға жайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыру. Бала өмірін өзінің бас пайдасынан төмен санайтын кәсіпкерлерге шектеу қоямыз, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Аймақтағы 374 жекеменшік балабақшаның 106-да немесе 28,3 пайызында тасымал ұйымдастырылған. Оның саны бұдан да көп болуы мүмкін. Бұл туралы облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов айтты.

– Соңғы айларда екі рет жол-көлік оқиғасы болып, қоғамда резонанс тудырды. Осы ретте балалар тасымалымен айналысу үшін қойылатын қолданыстағы заңнама талаптары жөнінде айтқым келеді. Ішкі істер министрінің бұйрығына сәйкес, кемінде екі есігі бар, техникалық жай-күйі уәкілетті орган бекіткен талаптарға сай көлікпен, жолаушыларды және жүкті



тасымалдау ережелерінде белгіленген талаптарға жауап беретін автобустармен жүзеге асырылады. Автобустар сары түсті жаркылдауық маяспен жабдықталады. Оған «Балалар тасымалы» деген таным белгісі орнатылады. Жасы кемінде жиырма бесте, тиісті санаттағы жүргізуші куәлігі және кемінде бес жыл еңбек өтілі бар жүргізушілердің тасымалдауына рұқсат етіледі. Автобус шаңағында тасымалданатын балалардың саны орындық санынан аспауы тиіс. Қала сыртындағы жолдарда балаларды тасымалдайтын екі және одан да көп автобус легімен жол полициясының арнайы автомобильдері ілесіп жүруге тиіс. Тасымалдауға жеті жастан кіші емес балалар рұқсат етіледі. Жеті жасқа толмаған балалар білім беру мекемесі жұмысшыларының, сондай-ақ ата-анасымен және оларды ауыстыратын адамдармен жеке алып жүруі кезінде ғана жол жүруге рұқсат етілуі мүмкін. Қазіргі жеке балабақшалардың ұйымдастырып отырған тасымал қызметі ешқандай нормативті-құқықтық актімен рәсімделмеген. Облыстық білім басқармасы жоғарыдағы заңнама талаптарының орындалуын алдағы уақытта да тұрақты бақылауында ұстайды, – деді басқарма басшысы.

Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес полиция департаментінің бастамасымен «Балабақша» жедел профилактикалық іс-шарасы өткізілуде. Балаларды тасымалдауды заңсыз жүзеге асырған жүргізушілер анықталып, оларға қатысты 265 әкімшілік құқықбұзушылық бойынша тиісті шаарлар қабылдана, 28 көлік айып аланына қойылып, 23 көліктің мемлекеттік белгілері тәркіленген.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»



Сонымен, Қазақстанды жана қоғамның ұлы өзгерістері күтіп тұрды. Қазақ халқының басын біріктіріп, мүлде тосын өмірге бейімдеу, ұйымдастыру-басқару жүйесін жетілдіріп, өз алдымызға тіккен үлкен отаудың босағасын бекіту оңай шаруа емес еді. Оны Кеңес өкіметін орнатуға белсене қатысқан зиялыларымыз анық түсінді. Оның үстіне ит өлген жердегі, Ресей аумағындағы Қазақ АССР-нің астанасы Орынбормен қарым-қатынас жасаудың қиындығы да келелі іске кедергі келтірді. Көзі ашық, көкірегі ояу қазақ зиялылары өз жеңісін өз жерінде тойлауды аңсады. Азаттықты армандады. Халқымыздың Т.Рысқұлов, С.Мендешов, Н.Нұрмақов, С.Қожанов, С.Сәдуақасов, т.б. біртуар ұлдары шын мәніндегі дербес Қазақ Республикасын құруды жақтады.

Түркістан мен Қазақстан Республикаларының ішкі мүмкіншіліктерін сан қырынан талдап-таразылаған мемлекет қайраткері Сұлтанбек Қожанов астананы Орынбордан қазақтың қалың ортасына көшіруді қызу қолдады. Себебі, «мемлекет астанасының жұртшылығына сүйеніп істемесе, бас хукіметтің ісі оңбайды» деп түйген қайраткерді қазақтың бас қаласының орыс ішінде орнауы қанағаттандырмады. Бұл жайында баспасөз бетінде дүркін-дүркін мәселе көтерді. Жаңа астана туралы ойларын ол «Ақжол» газетінде жарияланған «Кешіктірмей келісу керек», «Іс жүзінде орындау керек», «Қазақтың кіндігі қай қала болсын», т.б. мақалаларында бүкпесіз білдірді.

«Қазақстан астанасы орыстың туы тігілген қалада емес, қаласы жоқтықтан қазақтың киіз ауылында болса да, қазақ жұртшылығына жуық болуы керек, – деп жазды С.Қожанов «Ақжолдың» 1924 жылғы 17 желтоқсандағы санында. – Қазақ астанасы болуға Орынбор қаласы шетте болғандықтан ғана жарамайды емес, қазақ қаласы болмағандықтан, қазақ ұлт мемлекетінің ұлтшылдығына орда болуына қисыны жоқтықтан жарамайды. Қазақ ұлт мемлекетшілігіне әдемі қала, ыңғайлы үйлер керек емес, жаман да болса, өз ордасы болуы керек. Орынбордан көшпей, қазақ ұлтының ішкі тіршілігі оңдалып, қазақ еңбекшілерінің көпшілігінің қолына керекті шаралар іс жүзінде істелуі қиын».

Перовск станциясы теміржол жұмысшыларының бастамасы бойынша Қазақстан өкіметін Ақмешітке көшіру үшін үш күн ішінде «Қызыл паровоз» жөндеуден өткізіліп, Орынборға жіберілді. Қазақ АССР-і Кеңестерінің V съезі делегаттары және өкімет мүшелері бар пойызы Орынбордан республиканың жаңа астанасы Ақмешітке 1925 жылдың наурыз айының аяғында аттанды. Съезд делегаттарының ішінде мәдениет, өнер қайраткерлері Иса Байзақов, Александр Затаевич, Әміре Қашаубаев, Сәбит Мұқанов, Сәкен Сейфуллин, Қажымұқан Мұнайтапсов болатын.

Бұл съезге Қазақ Республикасының қарауына кірген Қарақалпақ Автономиялық облысының өкілдері бірінші рет қатысты. Қарақалпақ делегаттарының бірі Әбу Құдабаев Ақмешіт қаласына жақын Сырдария өзенінің батыс жағасындағы «Қызыл қайың» ауылында 1899 жылы туған. Ол бірқатар жылдар бойы Қарақалпақ облыстық партия комитетін басқарды. Кейінірек жазықсыз сталиндік қуғын-сүргіннің құрбандығына ұшырады.

Құрамында Қазақ АССР кеңестерінің V съезі делегаттары бар өкімет пойызын жол бойында Сексеуіл, Арал, Қазалы, Жосалы станцияларының жұртшылығы қарсы алып, көп

адам жиналған митингілер ұйымдастырылды. Ақмешіт станциясында орасан зор митингі болып өтті. Оны Ташкенттен келген Сырдария облыстық партия комитетінің хатшысы Әбілқайыр Досов ашты. Өкімет делегациясын Қазақстанның жаңа астанасының жұмысшылары мен интеллигенциясы қызу құттықтады. Қала жастары атынан Әбділда Тәжібаев сөз сөйледі.

Ірі-ірі мекендерде өткен митингіде жол бойы еңбекшілермен жүздесуге Қазақ өлкелік партия комитетінің екінші хатшысы Сұлтанбек Қожанов пен республика орталық атқару коми-

тұрып, нығайту жөніндегі тарихи дәуірден өттік.

Ал алдымызда әлі көп іс, творчестволық көп жұмыс тұр, қиыншылықтар да аз емес. Алдымызда Қазақ Республикасын экономикалық жағынан көркейту дәуірі тұр, еліміздің өндіргіш күштерін көтеру жолында, ҚАССР-ын мекендейтін барлық еңбекшілердің материалдық әл-ауқаты мен мәдени дәрежесін көтеру жолында күресу дәуірі тұр».

Үкімет есебі бойынша V съезд қабылдаған қарарда республиканың өнеркәсібін күрделі дамыту, алдағы

қасын қалыптастыру туралы жазылды. Су шаруашылығы органдарының кадрларын даярлау, Қызылорда гидротехникумын ашуға байланысты қаржы бөлу мәселелері шешімін тапты.

Сонымен, 1925 жылдың сәуірінде өткен Қазақ АКСР Кеңестерінің V съезі республика дамуының келешегін айқындап, ұлттық-мемлекеттік құрылыс саласының маңызды тарихи шешімдерін қабылдады, өкімет органдарын сайлады. Олардың құрамына Сыр елінің көрнекті өкілдері, мемлекет және қоғам қайраткерлері кірді. Солардың бірі Сүлеймен Ескараев

ҚАЗАҚСТАН АСТАНАСЫНЫҢ ОРЫНБОРДАН АҚМЕШІТКЕ КӨШІРІЛУІ

тетінің төрағасы Жалау Мынбаев кезектесіп сөз сөйледі.

Көрнекті қоғам қайраткері, Сыр өңірінің азаматы С.Қожанов Ташкенттегі мұғалімдер семинариясын үздік аяқтағаннан кейін қызметке бірден араласады. Ағарту саласында, «Бірлік туы», «Ақжол» газеттерінде басшылық қызметте болды. 1920 жылы Түркістан АКСР-інің Жер жөніндегі халық комиссары болып тағайындалды. Мұнан кейінгі қысқа уақыт аралығында ішкі істер халкомы, Түркістан ОАҚ төрағасының орынбасары сияқты жауапты жұмыстарды атқарды. Сырдария, Жетісу облыстары Қазақ АКСР-іне қосылғаннан кейін облыстық комитет хатшылығына сайланды. 1925 жылдың 19 ақпанында облыстық партия ұйымы өлкелік комитет болып өзгертілгенде, С.Қожанов екінші хатшылыққа жоғарылатылды. Бірінші хатшы В.Найишвили, қазақ өкілі ретінде басшылықты С.Қожановқа сеніп тапсырды. Ол Қазақстанның бес жылдығының өз дәрежесінде аталып өтуіне зор еңбек сіңірді. 4 қазан күні Қызылордада ұлан-асыр той болып, республиканың түкпір-түкпірінен адамдар келді. Кейін Өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы болып келген Ф.Голощекинмен С.Қожанов тіл табыса алмады. Сөйтіп, елден жарықта Мәскеуде, одан кейін Ташкентте қызмет істеуге мәжбүр болды. Қуғын-сүргін жылдарында халқымыздың өзге арыстары сияқты нәубет тырнағына ілінді.

Сонымен, 1925 жылдың 15 сәуірінде Ақмешіт қаласында бүкіл Қазақстан еңбекшілері өкілдерінің басын қосқан Қазақ АССР Кеңестерінің V съезі салтанатпен ашылды.

Съездің күн тәртібіне:

- КСРО-ның халықаралық және ішкі жағдайы;
- Орталық Атқару комитеті мен Халком кеңесі президиумдарының есепті баяндамалары;
- ауыл шаруашылығының жағдайы;
- халық ағарту ісі;
- қаржы саясаты және салық;
- кеңестік құрылыстың жаңа міндеттері туралы мәселелер қойылды.

Бес күнге созылған съездің негізгі құжатының бірі қырғыз халқының тарихи дұрыс атын қалпына келтіруі еді, яғни, кеңестердің бүкіл қазақтың V съезі «бұдан былайғы жерде «киргиз» деген атау «қазақ» деп аталсын» деп қаулы қабылдады. Сонымен бірге съезд «Киргиз Республикасын» «Қазақ Республикасы» деп атауға, ал оның астанасы Ақмешітті Қызылорда деп атауға қаулы алды.

Съезд Қазақстан еңбекшілеріне үндеу арнады: «Үлкен қиыншылықтардан өттік. Езушілерге қарсы ауыр күрестен өттік. Азамат соғысының ауыр жылдарынан өттік. ҚАССР-ін



Сүрет ашық дереккөзден

оңжылдықта теміржол және жергілікті жол қатынасын өркендету жоспары, байланыс құралдарын, көшпелі почтаны және селолық аудандарда жылжымалы почтаны, радио-телеграф жүйелерін кеңейту жобалары қуатталды, бұл мақсатта өнеркәсіпті, Қазақстанның маман жұмысшыларын қалыптастыру шаралары қабылданды.

Қазақ АКСР-інің жер құрылысы туралы қарарында бұрынғы патша өкіметінің жүйесіз әскери-әкімшілік саясатының зобалаңы салдарынан 29 миллион десятина шұрайлы жер талаң-таражға салынып, мал шаруашылығын күйреуіне әкеп соққаны атап өтілді.

Мал шаруашылығын тиімді ұйымдастыру мақсатында республиканың барлық жерін табиғи-тарихи және экономикалық белгілері бойынша үш ауданға бөлу дұрыс деп табылды. Біріншісі – егіншілік-мал шаруашылығы сипатындағы аудан. Мұнда мал шаруашылығы бірқалыпты дамуы тиіс. Екіншісі – мал-егін шаруашылығы сипатындағы аудан. Онда жайылымдық жер басым орын алады. Үшіншісі – біріншілі мал шаруашылығы бағыты үстемдік құратын аудан. Сонымен бірге, аталған әрбір ауданның шаруашылық жүргізу жүйесі әртүрлі болуға тиіс деп есептелді.

Съезд Қазақстандағы бұрынғы Түркістан республикасы губерниясы мен Қарақалпақстан автономиялық облысының бірқатар аудандарының қосылуы, 1920-1921 жылдары қоныс аудандандырып келуі, сондай-ақ осы кезеңде белең алған құрғақшылық салдарынан оңсыз да тар жердің құрылысынан қайта құру мүмкін болмай отырғанын атап өтті.

Суландыру туралы қабылданған қарарда Сырдария, Әмудария және Қазақстанның басқа да өзендерінің суларын іргелес жатқан республикалармен бөлісуі талап ету, осының негізінде судың шектелген мөлшеріне қарай суармалы егіншілік экономи-

өкімет құрамына республика ішкі істер халық комиссары болып енді. Ол 1897 жылы Қазалы уезінде туған. 1918 жылдан партия мүшесі. 1920 жылы Ташкенттегі Совет партия мектебін бітірген. 1921-1925 жылдары Сырдария, Ташкент облыстарында қызметте болып Қызылорда қаласының атқару комитетінің төрағасы болып сайланды. Одан кейін Қазақ АКСР ішкі істер халық комиссары, Қарағанды облыстық атқару комитетінің төрағасы, Қазақ АКСР-інің прокуроры болып қызмет атқарған. Осы съезде Бегайдар Жантөреұлы Аралбаев Қазақ АКСР Атқару комитетінің хатшысы болып сайланды. Ол 1896 жылы Жанақорған ауданының Жайылма ауылында туған. 1920-1924 жылдары Сырдария облаткомының төрағасы. Түркістан АКСР Ішкі істер халкомы, Республика Халық сотының төрағасы. Астананы Қызылордаға көшіруге белсене атсалысқан. Қазақ Орталық Атқару комитетінің партия, кеңес аппаратын қазақыландыру (коренизация) жөніндегі комиссиясына басшылық етеді. 1928-1934 жылдары банк саласында басшы қызметтер атқарды. Содан кейін «аралбаевшылық» деген желеумен Голощекиннің қудалауына ұшырап, қамауға алынып, Краснодар өлкесінде қайтыс болды. Б.Аралбаев бірнеше рет Түркістан және Қазақ Орталық Атқару комитетінің төралқасының мүшелігіне сайланған, БК(б) П XI, XVII съездеріне делегат болып қатысқан.

Қазақстан әйелдері қоғамдық-саяси жұмысқа белсенді түрде араласа бастады. Оларды кеңес жұмыстарына көтеру, партия қатарына тартуда қазақ әйелдері Алма Оразбаева, Нағима Арықова, Мәдина Бегалиева, Сара Есова және басқа кадрлар көп еңбек атқарды.

1925 жылдың күзінде Қазақстанға Ф.Голощекин басып болып келуі елімізге үлкен қасірет әкелді. Ол өлке-нің әлеуметтік-экономикалық құры-

лымын, қазақ қоғамын экономикалық, саяси-мәдени жағынан Ресеймен жақындастыруда таптырмайтын басыы еді. Ашығын айтқанда, Ф.Г.Голощекинді бірінші хатшылыққа Қазақстан коммунистері сайлаған жоқ, орталық тағайындады. Осылайша басшы кадрларды тек орталықтан ғана жіберу партия жұмысының тәжірибесінде кең етек алған болатын.

Голощекиннің өмірбаяны Ресейде қағаз дүкенінің қызметкерінен басталады, 27 жасынан партия мүшесі және тіс техникі, 29 жасында кәсіби революционер болды. Революциядан кейін көп ұзамай Пермь, Орал, Екатеринбург губкомдарының хатшысы болды. 1918 жылы ішilde облыстық әскери комиссар ретінде ешқандай сотсыз, тергеусіз орыс патшасы II Николай мен Романовтар әулетін құрту тапсырмасын орындаған.

Қазақстанға келмей жатып, 1925 жылдың желтоқсанында Өлкелік партия ұйымының V конференциясындағы есепті баяндамасында Ф.Г.Голощекин қазақ ауылында шын мәнінде Кеңес өкіметі орнаған жоқ, оның есесіне туыстық және байлар үстемдігі басым деген пікір білдірді. Ол республикадағы «уклондағыларды» да тез арада танып-білгендігін айтты. Олардың арасында О.Жандосов, Н.Нұрмақов, С.Сәдуақасов, С.Қожанов, С.Мендешов, Т.Рысқұлов, Н.Төрқұлов сынды көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері бар болатын.

Қазақстан Ф.Голощекин келгенде азамат соғысының зардаптары мен 1921-1922 жылдардағы апаршылықтың ауыртпалығынан енді-енді арылуға бет алған болатын. 1925 жылы астық жинаудың жалпы мөлшері 92 млн пұтқа жетті. Мал шаруашылығы қиыншылықтарымен қалпына келтіріліп, малдың жалпы саны 1922 жылмен салыстырғанда екі есе өсіп, 26 миллионға жетті. Ауыл шаруашылығында кооперативтік қозғалыс дамыды, республикада әртүрлі 2811 кооператив жұмыс істеп, олар 320 мың адамды қамтыды, ал мыңнан астам кооперативтерде 63 мың қазақ жұмыс істеді.

Сонымен, Ф.Голощекин қазақ жеріне келгенде екі жарым ай толмай жатып, республикадағы атқарылған жұмыстарды көзге ілмей, қазақ интеллигенциясының қаймағын бұзып, жіктеуге кіріскен болатын.

1925 жылдың жазында республика Үкіметі, Орталық Атқару комитеті және өкімшілік бөліністер толық қалыптасты. Барлығы 151 адамнан тұратын Қазатком мүшелері сайланды. Оның төралқасының құрамында Ж.Мынбаев (төраға), Б.Нұрмақов, Б.Аралбаев, С.Сәдуақасов, А.Серғазиев (төраға) орынбасары, мемлекеттік жоспарлау комитетінің төрағасы, А.Оразбаева, И.Құрамысов, В.Найишвили (өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы), мүшелікке кандидат болып Н.Ежов сайланды. Б.Майлин, С.Ескараев қызмет жасады. Қазақстанның өкімшілік бөлінісін 6 губерния және Қарақалпақ облысы құрады.

Қазатком хатшылығының 1925 жылғы 22 тамыздағы өткен мәжілісі «Кеңес құрылысы жөнінде I Бүкіл-қазақстандық кеңес өткізу туралы» қаулы қабылдады. Кеңестің жұмыс жоспарын жасау және тиісті қаулыларының жобасын дайындау үшін 16 жауапты-лауазымды қызметкерлер комиссия құрылды. Оған Ж.Мынбаев төрағалық жасады. Бұл жұмысшы тобы дайындық барысында қадау-қадау күрделі мәселелерді талқылаған бірнеше мәжіліс өткізді. Кеңестің күн тәртібін белгілеген I қыркүйек күнгі мәжілісінде 5 секция құрылды. Ауылдық кеңестердің жұмысы бойынша секцияға Жандосов, облыстық атқару комитеттері бойынша Аралбаев, өкімшілік-территориялық секциясына Әлібеков, кеңестердегі сайлау секциясына Ларионов, революциялық заңдылықты нығайту мәселесі бойынша секцияға Ескараев жетекшілік жасады.

(Соңы. Басы №141 санда)

Ауызсу беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құны субсидиялауға жататын сумен жабдықтау жүйелерінің тізбесіне елді мекендердің сумен жабдықтау жүйелерін енгізудің өлшемшарттарына сәйкес ауызсу беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құны субсидиялауға жататын сумен жабдықтау жүйелерінің тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Су кодексінің 27-бабының 2-тармағы 1) тармақшасына, «Елді мекендердің сумен жабдықтау жүйелерін ауызсу беру жөніндегі қызметтердің құны субсидиялауға жататын сумен жабдықтау жүйелерінің тізбесіне елді мекендердің сумен жабдықтау жүйелерін енгізудің өлшемшарттарына сәйкес ауызсу беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құны субсидиялауға жататын сумен жабдықтау жүйелерінің тізбесін бекітілген.

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес ауызсу беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құны субсидиялауға жататын сумен жабдықтау жүйелерінің тізбесіне елді мекендердің сумен жабдықтау жүйелерін енгізудің өлшемшарттарына сәйкес ауызсу беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құны субсидиялауға жататын сумен жабдықтау жүйелерінің тізбесін бекітілген.

2. «Ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды оқшау жүйелерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 2-тармағына сәйкес Қызылорда облысының әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күңтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі		Н.Нәлібаев
Қызылорда облысы әкімдігінің 2025 жылғы « » № қаулысына қосымша		
Ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды тоытық су жүйелерінің тізбесі		
№	Нысандардың атауы	Орналасу жері
1	2	3
Топтық су құбырлары		
1	«Арал-Сарыбұлақ» тоытық су құбыры	Арал және Қазалы аудандары
2	«Октябрь» тоытық су құбыры	Кармакшы ауданы
3	«Жидел» тоытық су құбыры	Шнелі және Жанакорған аудандары
4	«Байқожа» тоытық су құбыры	Қазалы ауданы
5	«Талап» тоытық су құбыры	Жанакорған ауданы
6	«Сырдария» тоытық су құбыры	Жанакорған ауданы

Ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды оқшау жүйелерінің тізбесі

№	Нысандардың атауы	Орналасу жері
1	2	3
Кармакшы ауданы		
1	«Қармакшы» оқшау су құбыры	Кармакшы ауданы, Кармакшы ауылдық округі, Абыла ауылы
2	«Ақтөбе» оқшау су құбыры	Кармакшы ауданы, Ақтөбе ауылдық округі, Ақтөбе ауылы
3	«Ақжар» оқшау су құбыры	Кармакшы ауданы, Ақжар ауылдық округі, Ақжар ауылы
4	«Тұрмағамбет» оқшау су құбыры	Кармакшы ауданы, Дауылкөл ауылдық округі, Тұрмағамбет Ітпйлеуы ауылы
5	«Алдашбай ахун» оқшау су құбыры	Кармакшы ауданы, Алдашбай ахун ауылдық округі, Алдашбай ахун ауылы

6	«Қуандария» оқшау су құбыры	Кармакшы ауданы, Қуандария ауылдық округі, Қуандария ауылы
7	«Кемекбаев» оқшау су құбыры	Кармакшы ауданы, Т.Кемекбаев ауылдық округі, Т.Кемекбаев ауылы
8	«Төретам» оқшау су құбыры	Кармакшы ауданы, Төретам кенті
9	«Ақай» оқшау су құбыры	Кармакшы ауданы, Ақай ауылдық округі, Ақай ауылы
10	«Жалағаш» оқшау су құбыры	Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті
11	«Аққұм» оқшау су құбыры	Жалағаш ауданы, Аққұм ауылдық округі, Аққұм ауылы
12	«Ақжыр» оқшау су құбыры	Жалағаш ауданы, Ақжыр ауылдық округі, Ақжыр ауылы
13	«Ақсу» оқшау су құбыры	Жалағаш ауданы, Ақсу ауылдық округі, Ақсу ауылы
14	«Аламасек» оқшау су құбыры	Жалағаш ауданы, Аламасек ауылдық округі, Есет батыр ауылы
15	«Бұқарбай батыр» оқшау су құбыры	Жалағаш ауданы, Бұқарбай батыр ауылдық округі, Бұқарбай батыр ауылы
16	«Еңбек» оқшау су құбыры	Жалағаш ауданы, Еңбек ауылдық округі, Ақшоқар ауылы
17	«Жанадария» оқшау су құбыры	Жалағаш ауданы, Жанадария ауылдық округі, Жанадария ауылы
18	«Қаракеткен» оқшау су құбыры	Жалағаш ауданы, Қаракеткен ауылдық округі, Қаракеткен ауылы
19	«Жанатаалап» оқшау су құбыры	Жалағаш ауданы, Жанатаалап ауылдық округі, Жанатаалап ауылы
20	«Мақпалкөл» оқшау су құбыры	Жалағаш ауданы, Мақпалкөл ауылдық округі, Т.Жүргенов ауылы
21	«Мәдениет» оқшау су құбыры	Жалағаш ауданы, Мәдениет ауылдық округі, Мәдениет ауылы
22	«Мырзабай ахун» оқшау су құбыры	Жалағаш ауданы, Мырзабай ахун ауылдық округі, Мырзабай ахун ауылы
23	«Тан» оқшау су құбыры	Жалағаш ауданы, Тан ауылдық округі, Тан ауылы

24	«Шаменов» оқшау су құбыры	Жалағаш ауданы, М.Шаменов атындағы ауылдық округі, М.Шаменов ауылы
Сырдария ауданы		
25	«Теренөзек» оқшау су құбыры	Сырдария ауданы, Теренөзек кенті
26	«Шаған» оқшау су құбыры	Сырдария ауданы, Шаған ауылдық округі, Шаған ауылы
27	«Сәкен Сейфуллин» оқшау су құбыры	Сырдария ауданы, С.Сейфуллин ауылдық округі, С.Сейфуллин ауылы
28	«Жетікөл» оқшау су құбыры	Жетікөл ауылдық округі, Жетікөл ауылы
29	«Қалжан ахун» оқшау су құбыры	Сырдария ауданы, Қалжан ахун ауылдық округі, Қалжан ахун ауылы
30	«Шіркейлі» оқшау су құбыры	Сырдария ауданы, Шіркейлі ауылдық округі, Шіркейлі ауылы
31	«Айдарлы» оқшау су құбыры	Сырдария ауданы, Айдарлы ауылдық округі, Айдарлы ауылы
32	«Амангелді» оқшау су құбыры	Сырдария ауданы, Аманкелді ауылдық округі, Аманкелді ауылы
33	«Ақжарма» оқшау су құбыры	Сырдария ауданы, Ақжарма ауылдық округі, Ақжарма ауылы
34	«Қоғалыкөл» оқшау су құбыры	Сырдария ауданы, Қоғалыкөл ауылдық округі, Қоғалыкөл ауылы
35	«Бесарық» оқшау су құбыры	Сырдария ауданы, Бесарық ауылдық округі, Бесарық ауылы
36	«Н.Илиясов» оқшау су құбыры	Сырдария ауданы, Н.Илиясов ауылдық округі, Н.Илиясов ауылы
37	«А.Токмағамбетов» оқшау су құбыры	Сырдария ауданы, А.Токмағамбетов ауылдық округі, А.Токмағамбетов ауылы
38	«Інкәрдария» оқшау су құбыры	Сырдария ауданы, Інкәрдария ауылдық округі, Інкәрдария ауылы
Шнелі ауданы		
39	«Бұланбай» оқшау су құбыры	Шнелі ауданы, Қарғалы ауылдық округі, Бұланбай бауы ауылы

40	«Шокай» оқшау су құбыры	Шнелі ауданы, Сұлтубе ауылдық округі, Мұстафа Шокай ауылы
41	«І май» оқшау су құбыры	Сұлтубе ауылдық округі, І Майыр ауылы
42	«Бірлестік» оқшау су құбыры	Шнелі ауданы, Сұлтубе ауылдық округі, Жанар батыр ауылы
43	«Ботабай» оқшау су құбыры	Қоғалы ауылдық округі, Тұрсынбай датқа ауылы
44	«Тартоғай» оқшау су құбыры	Шнелі ауданы, Тартоғай ауылдық округі, Тартоғай ауылы
45	«Майлытоғай» оқшау су құбыры	Майлытоғай ауылдық округі, Майлытоғай ауылы
Қызылорда қаласы		
46	«Белкөл» оқшау су құбыры	Қызылорда қаласы, Белкөл кенті
47	«Бірказан» оқшау су құбыры	Қызылорда қаласы, Белкөл кенті, Бірказан ауылы
48	«Абай» оқшау су құбыры	Қызылор

Уақыттың әр кезеңінде елге тірек болып, жаңа бастамаларға жол ашатын тұлғалар болады. Солардың бірі – облыста тұңғыш холдинг компаниясын құрып, аймақ экономикасының дамуына үлес қосқан азамат Нұрділда Сыздықов еді.
1953 жылы Сыр өңірінің Тереңөзек топырағында дүниеге келген ол жастайынан алғыр, ізденімпаз болып өсті. Білімге құштар жан Алматыдағы В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтында оқып, энергетика саласын терең меңгерді.



МАНСАПТЫҢ БИІГІН ЕМЕС, ХАЛЫҚТЫҢ РИЗАЛЫҒЫН АЛҒАН АЗАМАТ ЕДІ

Жастық жалын, арман қуатымен еңбек жолын Қызылорда жылу орталығында қарапайым инженер болып бастап, тиянақтылығы мен табандылығы арқасында жетекші маман дәрежесіне көтерілді. Осында қызмет істеген жылдары «Қазандықтың режимін ұстау және жөндеу» атты ең қиын бөлімді басқарды.

Нүрекең топ етіп бірден басшы болмады, ол қызметтің барлық сатысынан өтті. Атап айтқанда Қызылорда жөндеу-механикалық зауытында бас механик болды, автокомбинатта бас инженерден мекеме директорына дейін, облыстық автолік басқармасында бас инженер, басқарма басшысының орынбасары, басқарма басшысы қызметтерін атқарды. Қызмет бабымен автокөлік саласына ауысуына байланысты 90-жылдары Өскемен Автожол институтын үздік бітіріп шықты.

Қай жерде жүрмесін абыроймен қызмет атқарып, іскерлік қабілетімен көзге түсті. Әсіресе облыстық автокөлік басқармасын басқарған жылдары оның ұйымдастырушылық шеберлігі мен алғырлығы айқын көрінді. Сол кезеңде Қызылордадағы автокөлік саласы қарыштап дамып, халық игілігіне қызмет етті. Өзінің терең білімі мен қажымас қайратының арқасында Қазақстан автокөлік министрлігі коллегиясының ең жас мүшесі болып сайланып, республикадағы автокөлік саласының дамуына зор ықпал етті.

Ол еңбекпен шындалып, өмірдің үлкен мектебінен өтті. 1975-1980 жылдары ел ішінде сенімді, іскер азамат ретінде танылды. Ал тоқсаныншы жылдардың аласапыран кезеңінде ел тұрмысы мен шаруашылықтың жол іздеген тұсында батыл қадамға барды. 1996 жылы облыста алғаш рет «Автохолдинг» компаниясын құруға тәуекел етті. Бұл сол уақыт үшін үлкен жаңалық еді. Өйткені нарықтық экономика енді ғана қалыптасып келе жатқан шақта мұндай құрылымды басқару – көрегендік пен қайсарлықты талап ететін.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жаңа заманға бейімделіп, Америка және шет мемлекеттердің тәжірибесін зерттеп, заманауи автокөлік жүйесін қалыптастыруға бар күш-жігерін жұмсады. 1993 жылы АҚШ Оксфорд университетінің нарықтық заман бағдарламасын игеру үшін Американың Нью-Йорк, Вашингтон, Филадельфия, Огайо қалаларында болып, білім жетілдірді.

Нұрділда Сыздықұлы қарапайым басшы ғана емес, ел қамын ойлаған, жұртының сенімін ақтаған тұлға болды. Ерекше еңбекқорлығы мен мойымас мақсаткерлігінің, мұқалмас ерік-жігерінің арқасында үлкен абыройға бөленді. Қандай лауазымды иеленсе де өзін көпшіліктен жоғары қоймайтын. Сондықтан да болар, оны халқы бірнеше мәрте қалалық және облыстық кеңес депутаты етіп сайлады. Еңбегіне лайық «Құрмет белгісі» орденімен, түрлі медальдармен марапатталды. Бұл – оның еңбегінің ел алдындағы айқын дәлелі болатын.

Ол кісі үшін мансаптың биігі емес, халықтың ризалығы қымбат еді. Бірге оқыған жан досы, кейін жақын жолдастықтары құдалыққа ұласқан Нұрмұрат Науанов былай деп еске алады: «Нүрекең қиындыққа сынбайтын, сабырлы кісі ғой, маған көп жайды аңғарта айтатын еді, артықшы бармайтын, сөздері есеп шығарғандай нақты, мәнді, ғибаратты болатын. Пікірін жайдақ айтып, сыртқа көп шығара бермейтін. «Токмейілісген ортада тоқырау басталады, ұшқыр ой қиялға кең өріс керек» деуші еді ол».

«Өткен адам болады көзден таса, өлді, жоғт болады көзден таса, ол кетсе де белгісі ошақпайды, керектісін ескеріп ұмытпаса» демекші, жасаған жақсылығын сағынышпен еске алатын әріптес аға-інілері көп-ақ. Ол әділ шешім қабылдай білетін басшы, жастарға қамқор аға ретінде жұртшылықтың есінде қалған. Қарапайымдылық пен табандылықты қатар ұстап, айналасына сенім ұялатқан азамат туралы әріптесіміз Қаршыға Жайбергенов жақсы естелік айтқан еді.

– Мен Нұрділда Сыздықұлымен 2000 жылдан бері таныс болдым. Ол кісінің қарамағында қызмет етіп, кейін зейнетке шықсам да, өзі негізін қалап кеткен «Шалқия» кен орнында еңбек етіп жүрмін. Нүрекеңнің бойында айта жүретін адами қасиеттер өте көп. Басшымын деп кезде соққанын көрген емеспіз. Басты қасиеті, оның мықты қадры айналасына топтастыра білуінде. Адам тани білетіні, оның қабілетіне қарай қызметті сеніп тапсыруы, алысты болжап, көрегенділік көрсетуі – екінші бірінің қолынан келе бермейді. Әсіресе, заман ағымына қарай бейімделіп, жоқтан бар жасап, қиын жолды қиыстырып, тәуекел ете білетіні маған ұнайтын. Әр қызметкерін шақырып алып, жағдайын сұрап, балаларын демалыс лагерлеріне жіберіп, тоқсан сайын сыйақы беріп отыратын.

Алғашқы қадам әрқашан қиын болатыны рас. Сенімсіздік, күдік, күмән көп болды. Бірақ ол кісі жолдан таймады. Жаңа құрылымға халықтың сенімін арттыру үшін маңдай терін төкті, талай ұйқысыз түндерді өткізді. Көрегендік пен табандылықтың арқасында алғашқы холдинг аймақ экономикасына серпін берді. Бұл – бір адамның емес, халықтың игілігіне қызмет еткен берекелі іс еді. Тәуелсіздік алған жылдары автокөлік саласында бәсекелестікті дамыту мақсатында нарық экономикасын тереңдетіп енгізуіне орай, холдинг таратылып, автокөлік кәсіпорындарын жекешелендіру жүргізіле бастағанда ол кісі тағы бір қырынан көрінді. Сол кездегі автокомбинат ізімен «Қыран» мекемесін құрып, табандылығының арқасында ұжымды сақтап қалды. Ол үшін тынымсыз еңбек етті. Орал қаласынан тапсырыс алып, оны абыроймен атқарып шыққан. Келген соң «Жайрем» тау кен байыту комбинатында мыстың бетін аршу туралы тапсырысты орындайды. Ол уақытта өзге облыста жұмыс жасауға болмайды. Дегенмен істің көзін тауып, ұжымдағы әр адамның отбасы үшін аянып қалмады. Сөйтіп жүргенде мұнай қоры табылып, «Құмкөл» мекемесі ашылды. Қиын-қыстау кезеңде қазіргідей зауыттан шыққан арнайы тасымал көлігі жоқ. КамАЗ-дың борттарын алып тастап, үстіне цистерна қойып, оны мықтап бекітіп мұнай тасумен айналысты. Бұл біле білген адамға өте қауіпті іс болатын. Өйткені, ол мұнай тасымалдауға арналған көлік емес. Жоқтан бар жасап, қиынны қиыстыратын. Кейін мұнай кен орындарына скважина аралық жолдарын салуға бастамашы болды. Ұйымдастырушылық қасиеті бөлек еді. Халықтың игілігі үшін көп еңбек етті. Ғұмыры қысқа болғанымен көп іс тындырып, елдің ризашылығына бөленіп кетті.

Әке жолын жалғап жүрген Жайсаң баласының «Қыран» ЖШС мекемесін басқарып отырғанына да жиырма жылға жуықтады. Кіші баласы Бахтияр «Шалқия» кен орнын басқарады. Қазір жол құрылыс материалдары сол жақтан тасымалданып жатыр. Мекемеде 250 адам екі кезекшілікпен жұмыс істейді. Ортаншы баласы Данияр Ақтау қаласында облыс прокурорының орынбасары болып қызмет етеді, – дейді ол.

Жұртшылық оны тек басшы ғана емес, үлкен жүректі азамат ретінде де бағалады. Қызметкерлеріне қамқор бола білді, әріптестерін ынтымаққа шақырды. Қарапайымдылығы мен кісілігі – оның биік болмысының айғағы. Кезінде Нұрғали Жұмәділдіев, Жайық Маубаев, Қоныс Шанболов, Қаршыға Жайбергенов, Кеңес Әшірбеков секілді азаматтармен бір жұдырықтай ауызбіршілікпен қызметтес болды.

Ел игілігі үшін аянбай тер төккен азаматтың артында өнегелі ісі, адал еңбегі қалды. Халық жадында ол әрқашан іскер ұйымдастырушы, нағыз елжанды басшы, туған өлкенің жанашыры болып сақталып қалды. Өйткені, жаңа дәуірдің табалдырығында тұрған шақта, ел экономикасы жаңа арнаға бет бұрғанда ол кісі тәуекелге бел буды. Қорқып қадам баспайтын, батылдык пен сенімді серік еткен азамат ең алғашқылардың бірі болып холдинг құру ісіне кірісті. Бұл тек бір кәсіптің басы емес, тұтас өңірдің жаңа тынысы, алға басқан қадамы болды. Сол батыл қадамы кейінгі жас кәсіпкерлер үшін үлкен мектеп болды. Бұл бастамадан қаншама жас мамандар тәжірибе жинап, өз ісін ашты, өңірдің экономикасына үлес қосты. Демек, ол кісінің еңбегі – бүгінгі ғана емес, болашақтың да игілігі еді.

Нарықтық экономиканың қиындықтарына мойымай, жүк тасымалдау қызметінен басқа да салаларды игеріп, «Қыран-құрылыс», «Достық-ойл», «Пластпром», «Шалқия» зауыты сияқты жаңа жұмыс көздерін ашты. Іргетасы мықты компанияның ауқымы кеңейіп, көп салалы өндіріс орнына айналды. Бір әттеген-айы, өмірден ерте озып, өзінің қол жеткізген жетістіктерінің игілігін көре алмай кетті. Жеке басынан гөрі халықтың мүддесін жоғары қойған ардақты азаматтың есімін бірге қызмет еткен және кейінгі буын әріптес інілері ұмыт қалдырмай, әрдайым сағынышпен еске алады. Биыл өмірден өткеніне жиырма жылдың жузі болды.

Нұрділда Сыздықұлы – аты ел жадында, еңбегі тарих бетінде, рухы ұрпақ санасында мәңгі жасайтын тұлға. Ардақты жанның ғұмыры өнегеге толы. Жаңашылдыққа ұмтылған жігері, ел дамуына қосқан үлесі, артында қалдырған асыл мұрасы – болашақ ұрпақ үшін үлгі-өнеге. Мұндай тұлғалардың өмірі тарих бетінде алтын әріппен жазылатыны сөзсіз.

Бағдат ИСЛАМҚҰЛОВ,
«ShalkiyaDobateOperating» ЖШС
өндіріс жөніндегі директоры

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙҒА ТАСТҮЙІН ДАЙЫН

1995 жылы Әйтеке би кентінде өмірге келген Алтынбек Қанжарбекұлы Шымкенттегі Халықтар достығы университетін құрылыс мамандығы бойынша тәмамдаса да, оқу орнын бітіріп шыққан соң нағыз ер-азаматтарға тән төтенше жағдайлар қызметіндегі өрт сөндіруші-құтқарушы қызметін таңдады. Бұл таңдауға темір тәртіпке негізделген теміржол саласында еңбек етіп, зейнетке шыққан ата-анасы Қанжарбек Қамбаров пен Дариха Мамбетованың да ықпалы болғаны рас.

Алдымен 2017 жылы Арал аудандық төтенше жағдайлар қызметінің өрт сөндіру бөлімінде бір жылдай тәжірибе жинақтап, 2018 жылы Қазалы ауданының төтенше жағдайлар қызметі №9 өрт сөндіру бөліміне өрт сөндіруші-құтқарушы мамандығы бойынша жұмысқа орналасты.

– Адамның өмірі, табан ет маңдай терімен жиган дүние-мүлкінің, сонымен қатар халықтың ортақ қазынасы – мемлекет мүлкінің кез келген төтенше қауіп-қатерден аман болуы басты міндетіміз, – дейді өрт сөндіруші-құтқарушы Алтынбек Қанжарбекұлы. – Әрине, «сақтансаң сақтаймын» деген бар ғой. Ең бірінші кезекте тұрғын-



дардың бейқам болмай, дүние-мүліктерінің, отбасы-балаларының қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауы өздеріне де, төтенше жағдай қызметіне де өлшеусіз көмек болар еді. Тұрғындардың, төтенше жағдайлар қызметінің бірлесе жұмыс жүргізуі, насихат жұмыстары нәтижесін береді деп ойлаймын.

Өз мамандығының қадір-қасиетін, бағасын, жауап-

кершілігін жақсы сезінетін Қазалы аудандық төтенше жағдайлар қызметі №9 өрт сөндіру қызметінің өрт сөндіруші-құтқарушысы Алтынбек Қанжарбекұлы өзінің 24 сағаттық жауапты қызметінде ұжымдастарымен бірге қандай да бір төтенше жағдайдың алдын алуға әрқыз дайын екеніне сенімді.

Әлімжан ҚИЯС.
Қазалы ауданы

КЕДЕН ОРГАНДАРЫНА ҚОСЫМША БАҚЫЛАУ ҚЫЗМЕТІ БЕРІЛДІ

«Қазақстан Республикасындағы Кедендік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 26 желтоқсандағы №123-VI ҚРЗ Кодексі (бұдан әрі – Кодекс) Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеудің құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін айқындайды және Қазақстан Республикасының егемендігі мен экономикалық қауіпсіздігін қорғауға, қазақстандық экономиканың әлемдік экономикалық қатынастар жүйесіндегі байланыстарын жандандыруға және сыртқы экономикалық қызметті ырықтандыруға бағытталған.

Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 17 шілдедегі «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Астананы және республикадағы маңызы бар қалаларды, ұлттық жобаларды дамыту, кәсіпкерлік және мемлекеттік органдардың функцияларын онтайландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №213-VIII ҚРЗ-на сәйкес Кодекске қосымша 18-1 бабымен толықтырылды.

Аталған баппен кеден органдарына автомобиль көлік құралдарын кедендік бақылау аймағынан тыс жерлерде тоқтату бойынша

қосымша міндет берілді. Кеден органы автомобиль көлік құралын, оның ішінде тауарларды халықаралық тасымалдауды жүзеге асырмайтын автомобиль көлік құралын тоқтатуды кеден органдарының лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының, Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасының, Қазақстан Республикасының кеден және өзге де заңнамасының сақталуын тексеру мақсатында жүзеге асырады.

Бұл ретте, кеден органының лауазымды адамдары автомобиль көлік құралын тоқтатқан кезде көлік құралын басқаратын адамға автомобиль көлік құралын тоқтату туралы уәкілетті орган бекітілген нысанға сәйкес талапты табыс етеді және осы бапта көрсетілген міндеттері негізінде бақылау жүргізеді.

Осы функцияларды жүзеге асыру үшін кеден ісі саласындағы уәкілетті органмен ұтқыр топтар құрылады және олардың қызметі мен жарактандырылуы, оның ішінде көлік құралдарымен жарактандырылуы тәртібін әзірлейді және бекітеді.

Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті

Көңілден өшпейді нұрлы бейнен



Өткен күнде белгі жоқ деген осы екен. Ортамызда жарқылдап жүрген аяулы әріптесіміз, асыл ана Тобжанова Нұргүл Алмасқызы 2015 жылдың 29 қыркүйегінде өмірден озған еді. Зымыраған уақыт, ардақты жаннан көз жазып қалғанымызға да он жыл болыпты. Бұл өмірге қонақың десек те, жақынымызды жанымыздан алыстатқымыз келмейтіні айдан анық.

Нұргүл Алмасқызы 1977 жылдың 24 маусымында Қармақшы ауданы Жосалы кентінде дүниеге келген. 1994 жылы М.В.Фрунзе атындағы №27 орта орыс мектебін үздік тәмамдаған. 1998 жылы Қызылорда қаласындағы Сейхун университетін Қаржы және несие мамандығы бойынша бітіріп, алғашқы еңбек жолы 2002 жылы аудандық Қазынашылық басқармасында жетекші маман болып бастаған. Аяулы жан 13 жыл ішінде өзінің адалдығы мен еңбексүйгіштігінің арқасында бас маман, бөлім бастығы, басқарма бастығының орынбасары, басқарманың басшысы лауазымына дейін көтерілді. Ақыл-парасатымен, кішіпейілдігімен, мейірімділігімен білікті маман ретінде өзінен кейінгі жастарға білгенін үйретуден жалықпады. Қаржы саласындағы абыройлы атқарған еңбегі ескерусіз қалмай, аудан әкімдігінің, облыстық басқарманың алғыс хаттарымен, мақтау қағаздарымен марапатталған.

Еңбек жолындағы жоғары баға – әріптестерінің құрметіне, ағайын-туыстың ыстық ықыласына бөленді. Шүкір артында ата-анасы, бауырлары, аяулы қызы барда ардақты әріптесіміз Нұргүлдің есімі өшпек емес. Шексіз қамқорлығымен жүрегімізге ұялаған жарқын бейнесі ұмытылақ емес.

Еске алушылар:
Қармақшы аудандық Қазынашылық басқармасы ұжымы

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Абдреев Сунгат Илесбаевич (лицензия №13019285, 12.12.2013 ж.) 2025 жылдың 21 ақпанында қайтыс болған азамат Бекнишев Марат Султановичтің атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Н.Назарбаев даңғылы №60 А, тел.: 8 777 772 80 80.



ІРГЕЛІ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ ІЛКІМДІ ІСТЕР

Сондай-ақ құрылысшылар, электр-иктер мен дәнекерлеуші мамандығында оқитын, ғылыми жобамен айналысатын студенттердің еңбегін көріп, жас таланттардың өсіп келе жатқанына тағы бір көз жеткіздік. Олардың сабағына қатысып, тың жобаларын, мықты идеяларын тыңдадық. Соңғы үлгідегі жасакталған кабинеттерде білім алуға, тәжірибе жинақтауға барлық мүмкіндік қарастырылған. Оқу орны білім беруде озық бағдарламаларды қолданып, жақсы нәтиже көрсетіп келе жатқаны туралы колледж директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Бауыржан Ермұқан кеңінен айтып берді.

— Біз болашақ жас мамандарды даярлауда еңбек етіп келеміз. Қазір колледжде 30 мамандық, 31 біліктілік бойынша білім беріледі. Жалпы, 2329 студент білім алуға. Оларға 162 оқытушы дәріс жүргізеді. Оның ішінде 1 профессор, 2 ғылым кандидаты, 46 білім магистрі сабақ береді. Оқытушылар құрамында 1 педагог-шебер, 41 педагог-зерттеуші, 30 педагог-сараншы, 70 педагог-модератор мен 3 «Үздік педагог» атағының иегері де бар. Сондай-ақ колледж 130-дан астам әлеуметтік серіктес мекеменен келісімшарт жасап, белсенді жұмыс істеп келеді. Студенттер кәсіпорындардан тәжірибеден өтеді, жұмысқа қабылданып жатқандары да бар. Жаңа оқу жылында да жаңашылдық көп. Биылғы оқу жылында «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша кешенді жоспар жүзеге асуда. Былтырғы оқу жылынан бастап халықаралық салалық аккредиттеуден өтіп жатырмыз. Сонымен бірге 4 жоғары оқу орнымен келісімшарт жасалды. Біздің студенттер білімін одан әрі жетілдіру үшін қысқа мерзімді жоғары білім алуға мүмкіндігі бар. Сапалы білімнің арқасында студенттер мен оқытушылар талай белесті бағындырып келеді, — дейді ол.

Талай жастың білім алуына, маман болып қалыптасуына септігін тигізіп келе жатқан іргелі оқу орнын бітірген түлектер аз емес. Олар мамандықтары бойынша түрлі салада еңбек етіп жүр. Кейбір түлектер кәсіпорындар мен өндірісте еңбек етіп, тәжірибе жинақтап, білім алған колледжде қайта оралып, білгенін жастарға үйретіп, дәріс беруде. Солардың бірі — Асхат Құлманов.

Ол колледжді бітіргеннен кейін жоғары білім алып, 10 жылдан аса өндірісте инженер-энергетик болып еңбек еткен. Өткен оқу жылынан бастап оқу орнына оралып, энергетик мамандығы бойынша арнайы пән оқытушысы болып қызмет атқарып келеді. Өндірісте жинаған тәжірибесін теориямен ұштастырып, студенттерге сапалы білім беруде.

Сондай-ақ пресс-тур барысында бір топ үздік студент таңдаған мамандықтары жайында, оны меңгерудің қыр-сырын айтып, ойларын бөлісті. Мұнан кейін оқу ғимаратының жанында орналасқан ветеринариялық клиниканың жұмысын көрдік. Клиника меңгерушісі әрі пән оқытушысы Бақытжан Сматов білім алушылар практика кезінде жануарларға ота жасауды, халықпен жұмыс істеуді үйрететінін хатқызды.

— Клиника 2021 жылдан бастап жұмыс істеп келеді. Бұл жерде ең бірінші халыққа қызмет көрсетеміз. Сонымен қатар студенттер теориялық білімін практикалық тұрғыда жетілдіреді. Жылда бір топ, яғни 25 бала бітіреді. Биыл 21 бала осы мамандық бойынша диплом алады. Студенттер 1-2 курста клиникада тәжірибе алып, кәсіби дағдыларын шыңдаса, соңғы курста ветеринариялық қызмет көрсету орындарында практикадан өтеді. Осы кезде оларға өздерінің білімін көрсетуге мүмкіндік туады. Сол арқылы жұмысқа қабылданып жатады. Жалпы, клиникадағы құрылғылардың бәрі де жаңа. Онда ультратыңдағыш зерттеу, ветеринариялық монитор аппараттары бар. Сол құрылғыларды пайдалана отырып, ота жасайды, — дейді ол.



Клиника жұмысымен танысқаннан кейін жауапты мамандар, колледж оқытушылары мен студенттері Қарауылтөбе ауылында орналасқан қырман мен күріш алқабына барды. Онда Б.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының басқарма төрағасы Сұлтанбек Тәуіпбаев қарсы алып, тәжірибеден өтіп жатқан білім алушыларға астық жинау, сұрыптау, тұқымдық алып, қоймада сақтау туралы кеңінен айтып берді.

— Қазір қырманда күріш, жоңышқа сынды өндірілген дақылдар бар. Қырман күріш институтына қарайды. Біздің шаруашылық күріштің «Сыр сұлуы» сортын екті. Оның 1000 тоннасын жинады. Соны шетінен тазартып, алдағы жылға тұқымдыққа дайындап жатыр. Осы процесстің бәрін колледждің агрономия мамандығында оқып жатқан студенттер қатысуда. Біз олармен 2014 жылдан бері дуальді оқыту жүйесі бойынша келісімшарт аясында бірлесіп жұмыс істеп келеміз. Жылда егін екенде, күтіп-баптағанда және жинаған кезде студенттер тәжірибеден өтіп, еңбек процесін үйренеді, — дейді ол.

Шара одан әрі егін алқабында жалғасты. Дикандар күрішті жинап жатыр екен. Біз онда институттың ғылыми қызметкері, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, Аграрлық ғылымдар академиясының академигі Құрманбек Бәкірұлы кездестірдік. Ғалым студенттерге күріштің өсірілуі, пайдасы, жаңа сорттарды шығару, оны жергілікті климатқа бейімдеу, мутагенез әдісі жайында кеңінен айтып, биылғы егілген күріш сорттарымен таныстырды.

— Біздің негізгі мақсатымыз — жергілікті жердің топырақ, климат жағдайына бейімделген сорттарды шығару. Селекция, тұқым шаруашылығы, жаңа сорт түрін шығару және мутагенез бойынша шетелдік ғалымдармен бірге жұмыс істеп келеміз. Мұнда сырттан келген және өзімізден шығатын 10 түрлі сорт егілген. Сондай-ақ Түркия, Ресей мен Украина сорттарын бақылап, қалай бейімдеуге болатынын зерттеудеміз.

Ал мутагенез деген — күрделі тақырып. Түрлі жылдам нейтрондар мен гамма сәулелері арқылы күріштің әртүрлі тұқымдарын өңдеп, тұзға шыдамдылығын зертханада анықтаймыз. Ерекшелігі — оларды көшеттеп егеді. Мына қолмен орылып жатқандары сол көшет арқылы өсірілген күріш. Оның ішінде Ресейден келетін сорттар біздің климатқа бейімделе алады. Түріктің екі сорты да жаман емес, оның тұқымын түгел алып әрі қарай сынақтан өткіземіз. Жалпы олардың селекция бағыты бізге ұқсас. Бұл тұқымдар жерініп кеткен жағдайда жергілікті шаруаларға ұсынамыз. Сонымен қатар бұл сорт сынау уәдесінен өтуі керек. Рұқсат алғаннан кейін егіле береді. Ол кезде біз шаруаларға егу жолдарын, күтіп-баптау жұмысын, қандай тыңайтқыштар қолдану керектігін, мөлшерін, бәрін де үйретеміз. Ал қазір шаруаларға сорттың екі түрін ұсынып жүрміз. Бірі — «Айсара» болса, екіншісі — «Сыр сұлуы». Оның ішінде «Айсара» сорты енді енгізіліп жатыр. Ол ұзын дөңді болып келеді, ерекше күтім қажет емес. Жергілікті болғаннан кейін осы жердің ауа райына, топырағына бейімделген. Тек өнімі әртүрлі. Өйткені ерте пісетін сорттардың өнімі төмен болады. Бұл заңдылық. Кеш піскен сайын өнім де жоғары. Бірақ соған қарамастан өнім жақсы, — дейді ғалым.

Мұнан кейін вагон жөндеу депосында болып, ондағы тәжірибеден өтіп жүрген колледж студенттерінің тыныс-тіршілігін көрдік. Мұнда дөңгелек жұптарын жөндеу цехында жүріп мамандықтарының қыр-сырын меңгеруде. Еңбек процесінде вагон дөңгелектері арнайы аппаратқа салынып тексеріледі, егер жарықшалар табылса жөнделеді. Үлкен ілмектер дөңгелектерді әрі-бері жылжытып, тиісті жөндеу жұмыстарын жүргізуде. Жауапты мамандар жастарға білгенін үйретіп жатыр. Алмасбек Андасбек биыл төртінші курста оқиды. Ол осыған дейін теміржол саласында еңбек етіп, жолсерік қызметін атқарған. Өзіне мамандығы ұнайды.

— Біз үшін вагон жөндеу депосындағы тәжірибе үлкен мектеп деп айтсам болады. Мұнда дөңгелек жұптарын жөндеу жұмысына тікелей араласу арқылы болашақ кәсібіміздің сан саласын тереңірек меңгерудеміз. Бұл саланың ел экономикасы үшін маңызы зор екенін түсіндік, өйткені

теміржол — халықты, өндірісті, сауданы байланыстыратын маңызды жүйе. Ұжымдағы тәжірибелі мамандардан үйренеріміз көп. Олар бізге тек жұмыс тәсілдерін ғана емес, еңбек тәртібін, жауапкершілікті де үйретті. Бұл болашақта білікті маман болуымызға жол ашады, — деді ол.

Осыорайда «QZ-VRD» мекемесінің басшысы Медет Есімбеков теміржол саласында қажырлы еңбек етіп келе жатқандардың ізін басатын мамандарды даярлау үшін оқу ордасымен келісімшарт жасалғанын айтты. Соның аясында жыл сайын жас мамандар мұнда келіп тәжірибе жинақтайтынын жеткізді. Осылайша талабы бар жастарды жұмысқа қабылдауға шешім шығаралы екен. Олар жұмысқа орналасқаннан кейін білікті маманға айналады. Ал қарапайым еңбек адамы қашанда құрметке лайық. Соның бір дәлелі биыл «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жарияланып, еңбек адамын дәріптеу қолға алынды. Жоба аясында оң бастамалар да жүзеге асырылуда.

Одан әрі колледждің көлік және логистика бөлімшесінің автомобильдерге техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану мамандығы бойынша тәжірибеден өтіп жатқан студенттердің жұмыс ырғағын бағамдау үшін қаладағы «Toyota» орталығында болдық.

Мұнда колледж студенттері заманауи құрал-жабдықтарды қолдана отырып, көлік диагностикасы, қосалқы бөлшектерді ауыстыру, қозғалтқыш пен электр жүйелерін тексеру сынды жұмыстарды үйренуде. Өндірістік процесс олардың шеберлігін шыңдауға мүмкіндік береді. Мамандар елімізде көлік жөндеу саласы қарқынды дамып келе жатқанын айтып, білікті кадрларға қашанда сұраныс жоғары екенін жеткізді. Осы тұрғыда студенттердің ірі автоорталықтарда машықтануы олардың еңбек нарығына қадам жасауына бағыт береді. Сондай-ақ колледж бен орталық арасындағы әріптестік жұмысшы мамандарды даярлаудағы маңызды бастама.

Көлік жөндеу саласында еңбек етіп, бүгінде арнайы орталық ашқан колледж түлегі Мағжан Омарұлы мамандығын мектен етеді. Ол 2010-2014 жылдары И.Әбдікерімов атындағы колледждің автомобильдерге техникалық қызмет көрсету және оны пайдалану мамандығын бітірген. Дипломын қолға алғаннан кейін «Вест-Авто» ЖШС мекемесінде автослесарь болып еңбек еткен. 2018 жылы жеке кәсіп бастап, автомобильдерге техникалық қызмет көрсету орталығын ашыпты.

— Білім алу, оны көдеге жарату бәрінен маңызды. Кезінде өзім білім алған оқу орнынан қазір студенттерді қабылдап, тәжірибеден өткізіп жатырмын. Бір жылда 3-4 топтың студенттері келеді. Ынтасы бар жастарды жұмысқа аламын. Оқып әрі жұмыс істеп жүргендері де бар. Келешекте орталықты одан әрі кеңейтсем деймін. Сол кезде жұмыс күші еселенетін болады. Жас мамандарды қазірден бастап баулығым келеді, — дейді ол.

Пресс-тур барысында түйгеніміз, елімізде білім алуға, тәжірибесін шыңдауға, жұмысқа орналасуға, тіпті шет мемлекеттерде жұмыс істеуге барлық мүмкіндіктер қарастырылған. Тың бастамалар еліміздегі барлық озық үлгідегі оқу орындарында жүзеге асып жатқанын көңіл қуантады. Оның қатарында біз тыныс-тіршілігімен танысып қайтқан И.Әбдікерімов атындағы Қызылорда политехникалық жоғары колледжі де бар.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

ТАҒЫМ

ШӘКІРТ БАҒБАНЫ



Ауыл мұғалімі Байназар ағаның жастық шағы қиындықпен өтті. Бір қиырдағы «Қызыл ту» атты колхоздың ой мен қыры, «Талаптың» қалың тоғайы, «Сарыбайдағы» бидайыққа сан-алуан жұмысты атқарып, шыңдалды. Оқуға зерек Байназар мұғалімдік мамандық алып, ауыл мектебінде қырық жылдай ұстаздық еңбектің дәмін татты.

Әлі есімде Байназар аға сонау алыстағы ауылдан бұрқыратып хат жазатын. Ауыл тілшісі атты мәртебеге, кейінрек Журналистер одағына мүше болды. Іссапарға шыққанда редакторымыз Ұзақ Бағаев «Байназар Сүлейменовке соғындар, халін білдіңдер, ауыл басшыларының көзқарасына зер салыңдар» деп шегелеп тапсырма беретін-ді. Байқаймыз, Байназар ағаның ауылдағы беделі жоғары болды. Басшылар қолын қақпай, ауыл тілшісін жиын-жиналыстардан қалдырмай, қатарға отырғызатын.

...Қызы Күлзәбира әкенің бар еңбектерін, жазғандарын, алғыс хаттар мен орден, медальдарын алдымызға жайып салды. Бір бума алғыс хаттар, «Қазақстанға еңбегі сіңген мұғалім» төсбелгісі, аудандық «Еңбек туы», «Ленин жолы» газетінен алған марапаттар көзге оттай басылды.

Жақында Күлзәбираның құрастыруымен «Ізгіден қалған із» атты 300 беттен тұратын кітап басыпдан шықты. Кітапты әдеби өңдеуге тер төккен белгілі журналист, ақын Дүйсенбек Аяшұлының еңбегін айрықша атап өтуге тұрарлық. Кітапты оқып отырғанда еңбек ардагері, қаламы үшкір ұстаз, ақынның азамат Байназар ағаның еңбегін ауыз толтырып айтуға болады.

Кітапта туған жердің келбеті кеңінен баяндалады. «Ауылымның бейнесі» атты толғауында өскен ортаның табиғаты көз алдыңызға елестейді.

Ұлбікемен айтысатын Күдерікожа, қазақтың айтқыр Қалтайы, ақын Әбдірәш, Асқар, Жақып Ыдырысов, журналист Сұлтан Қожаниязов туралы естеліктері еріксіз сүйсінетін. Байырғы журналист Ахметжан Нұрқеев, қоғам қайраткері Аппаз Көмішев, Кеңес одағының батыры Жаппасбай Нұрсейітов, Нағи Лиясов, халық ақыны Қуаныш Баймағанбетов туралы арнау өлеңдері жүп-жүмбір өрнектелген. Елдің мақтаулы ұл-қыздарына арнау өлеңдері ұтымды берілген.

Қысқасы, «Ізгіден қалған із» атты кітапты оқып отырғанда Байназар ағаның жергілікті баспасөзде жазылған әзіл-оспақ, сын мақалалары ұтымды, шындықты жаны сүйетін азамат бейнесі елестейді.

Иә, ұзақ жыл туған ауылдағы мектепте ұстаз болған қаламгер Байназар Сүлейменов бұдан отыз жыл бұрын дүниеге салды. Көзі тірі болса биыл 95 жасқа толған болар еді.

Бір сәт тағы да өткен күндерді еске алып отырмын, оқырман. Байназар аға редакцияға жиі соғатын. Жігіттермен жағалай сәлемдесіп, елдің жаңалығын майын тамызға айтушы еді-ау. Сөзден соң жазған дүниелерін қолымызға ұстатып, аманаттайтын-ды.

Ардагердің қызы Күлзәбира Сүлейменова — қазір зейнеткер, ұстаз ағаның жазған өлең-жырларын, естеліктерін одан әрі жинастырып, басыпдан шығару қамында тыным таппай жүр. Әке есіміне ауылдан көше беру, жүзделер белгілеу, тұрған үйіне ескерткіш белгі қоюды парыз санайды.

«Еңбек Қызыл ту» орденді «Шіркейлі» ауылының көшесімен жүріп келемін. Өне, ауылдағы қазіргі №129 үй Әбдіраш Жәмішев атындағы мектептен шәкірттер, ұстаздар шығып келеді. Бір кездегі Байназар аға оқытқан еңбек адамдары сол ұстаздарын еске алып, тебіренеді.

Қайырбек МЫРЗАХМЕТҰЛЫ,
Қазақтың құрметті журналисі

1-бет

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі — тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары — 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы — 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат — 40-11-10 (1039, 1040)

экономика — 40-11-10 (1038, 1033)

әлеумет және саясат — 40-11-10 (1034)

жарнама — 70-00-52, 40-11-10 (1058)

есеп-қисап — 70-00-39, 70-00-38

компьютер орталығы және корректорлар — 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының

Мәдениет және ақпарат министрлігі

Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.

Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп,

«ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы

«Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8/7242/ 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша

8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Кезекші редактор Әділжан ҰМБЕТ

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

Таралымы 22151

Тапсырыс №1624